1. Асмолов А.Г. Чтение в составе универсальных учебных действий. Формирование универсальных учебных действий: от действия к мысли. Пособие для учителя под ред. А.Г. Асмолов. – М.: Просвещение, 2019
2. Айтпаева А.С. Методические рекомендации по развитию грамотности чтения учащихся. Нур-Султан: филиал «Центр образовательных программ» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2020
3. Барнс Л.Б., Кристенсен К.Р., Хансен Э.Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций (конкретные ситуации и дополнительная литература): Пер. с англ./ Под ред. А.И.Наумова. – М.: Гардарики, 2018
4. Ситуационный анализ, или Анатомия Кейс-метода / Под ред. Ю.П. Сурмина – Киев: Центр инноваций и развития, 2016.

СЕКЦИЯ 1. СОВРЕМЕННАЯ ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

ЖАС МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІНІҢ РОЛІ

*Қорғанбаев Алтынбек Өскенұлы
өндірістік оқыту шебері,
Қазалы аграрлы - техникалық колледжі
Қызылорда облысы, Қазалы қ.*

Аннотация

Бұл мақалада автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін болашақ мамандарды даярлағанда анализ жасау, оқыту, дамыту, іске асыру мәселесі қарастырылады.

Анализ жасау – білім алушының қызығушылығы, танымдық белсенділігі мен жеке құзыреттіліктің анықтау. Оқыту – білім, білік және дағды жүйесіне көңіл бөлу. Дамыту – ойлауды және шығармашылық құзыреттілікті дамыту. Іске асыру- білім алушының автокөліктерге техникалық қызмет көрсете білуі және пайдалануын кәсіпке айналдыра алуын үйрету.

Мақалада автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін болашақ мамандарды даярлау тақырыбы қозғалады. Мақала білім алушыларды жан-жақты зерттеуге арналған. Мақалада автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін болашақ мамандарды даярлағанда өзекті мәселелері ашылады. Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін болашақ мамандарды даярлағанда өндірістік оқыту шеберлеріне ерекше назар аударылады.

Автор жас манадар даярлауда кәсіпті үйрету, жастарды өздігінен еңбектену қызметіне дайындау болып табылады. Қандайда болмасын мамандық өз ісінің нағыз майталмандарын іздейді,- деп қорытынды жасайды.

Автор мақаланы өз жұмыс нәтижесіне сүйеніп жазған.

*«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты биылғы халыққа
Жолдауында кәсіби білім берудің маңызына да тоқталып, «кәсіби білім
берудің бүкіл жүйесінің нарығында сұранысқа ие білікті мамандар
қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн».*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Жастарға сапалы кәсіптік-техникалық білім беру – заман талабы.

Біздің халықта «Кәсібі бардың – нәсібі бар» деген тамаша нақыл сөз бар. Соған қарағанда, кәсіп пен нәсіп ажырамас егіз ұғым. Қолыңнан іс келсе, қарның тоқ, келешегің жарқын болмақ. Ал қолыңнан ештеңе келмесе, ешкімге өкпелеудің керегі жоқ. Сондықтан да бүгінгі күні баланы жастайынан кәсіпке баулудың маңызы зор. Бірақ кәсіптің де кәсібі бар екенін естен шығармағанымыз абзал.

Бүгінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар қайсы? Әрине, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мамандығы.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сондықтан да қазіргі кезде техникалық және кәсіптік білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер мен жаңашылдықтар



заманауи технологияларды пайдалана отырып, өскелең ұрпаққа техникалық және кәсіптік білімді сапалы оқыту қажет екендігі айқындалып отыр. Міне осыған орай, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы өндірістік оқыту жүйесіне баса назар аударған жөн. Себебі білім алуға келген әрбір білім алушы алған білімін өз қажеттілігіне қолдана алатын және білікті маман болып шығуы керек.

Өндірісті дамыту, еңбек өнімділігін арттыру, заман талабына сай автокөліктерді жөндей алу әрбір адамның қолынан келе бермейтін жұмыс екені айдан анық. Техникалық кәсіптік білім беру саласында заманауи техникаларды пайдалана отырып, мамандар даярлауда өндірістік оқыту шеберлері жан – жақты, білімді де білікті болу керек, сонымен қатар, жаңару жолындағы жаңа Қазақстанға жаңаша ойлайтын өмірге көзқарасы тың, ақыл – ой және шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, рухани адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл болуы керек. Өндірістік оқыту шебері - үнемі үздіксіз ізденісте болады. Әрбір маманның қызметіне қажетті кәсіби біліктіліктер болуы тиіс. Осыған орай автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін болашақ мамандарды даярлағанда мына маңызды мәселеге көңіл бөлген жөн:

- Анализ жасау – білім алушының қызығушылығы, танымдық белсенділігі мен жеке құзыреттіліктің анықтау
- Оқыту – білім, білік және дағды жүйесіне көңіл бөлу
- Дамыту – ойлауды және шығармашылық құзыреттілікті дамыту
- Іске асыру- білім алушының автокөліктерге техникалық қызмет көрсете білуі және пайдалануын кәсіпке айналдыра алуын үйрету.

Осы айтылған бірнеше маңызды мәселелерге тоқталсақ:

Анализ жасау- техникалық кәсіптік білім беру ұйымына автомеханик мамандығын тандау жасап келген білім алушының алдымен жеке қызығушылығы, оның танымдық белсенділігі мен құзыреттілігін сабақ барысында түрлі тапсырмалар мен сауалнамалар алу арқылы анықтаймыз және оқу үрдісін олардың әрқайсысы нақты танымдық мүмкіндіктеріне жауап беретін ерекшеліктері көңіл бөлу керек

Оқыту - Кәсіби құзыреттілік күрделі кәсіби міндеттерді қазіргі заманғы мәдениетке сай әдістерімен шешуге дайындық және қабілеттілікпен білімді, білікті, дағдыны білдіреді. Сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білім білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға автокөліктерге техникалық қызмет көрсете білуі және пайдалануын жан-жақты, оқыту сапасына көңіл бөле отырып меңгерту.

Дамыту – білім алушының автокөліктерге барлық қызмет түрлерін жасау жолындағы шапшаңдығы және оңтайлы ойлана отырып, көлік ақауларын тауып және сол ақауды жөндей алуына бақылай отырып, кеңес беру.

Іске асыру- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында автокөліктерге техникалық қызмет көрсете білу және пайдалану жайында білім алған білім алушы яғни жас маманның өз алдына жұмысқа тұруы немесе осы



алған мамандығы бойынша жеке кәсіп ашуы болып табылады

Міне осы мәселелерді толық қамтитын болсақ, техникалық және кәсіптік білім алуған келген білім алушы өзін жеке маңызы бар тұлға ретінде және заман талабына сай сұранысқа ие маман болып шығарды.

Еңбек нарығындағы жас маманның жұмыс берушінің талабына сай келетін білім алуы, білікті болуы, технологиялық үдерістерді дереу меңгеруі, білім алушылардың алдына қойған мақсатына байланысты.

Білім алушылардың зерттеу дағдылары және автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жасауларын қалыптастырудағы жетекші ролі өндірістік оқытудың қажетті бөлігі болып табылатын практикалық жаттығуларды орындауларында. Осылайша, қалыптасқан дағдылар арнайы автокөліктерге техникалық қызмет көрсету жөндеу және пайдалану пәндерін оқыту барысында практикалық түрде жүргізген жұмыстарды білім алушы өздері жүйелі жасай алуында.



Білім алушылардың өндірістік сабақтарда орындалатын тапсырмалардың басым бөлігі ішінара іздестіру сипатқа ие болғаны дұрыс. Білім алушылар автокөлікке белгілі бір жағдайда зерттеу жүргізу арқылы белгілі бір әдісті қолдана отырып тапқан ақауды жөндеу білуге үретеміз.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында болашақ жас мамандарға білім беру сапалы сипатта ғана құндылық, жүйе немесе процесс емес. Бұл, сонымен қатар, кәсіптік білім беру саласы - мемлекет, қоғам,

әрбір адам. Демек, бүкіл тұтас өркениеттің «өнімнің тұтынушылары» экономикалық, моральдық, интеллектуалды жай-күйі үшін маңызы бар білім беру қызметі жүйе туындайтын барлық құндылықтарды мемлекет, қоғам және жеке тұлға беретін фактіні белгілейтін нәтиже болып та табылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің тиімділігін, дәрежесін және тартымдылығын арттыру – колледж базасындағы бар құрал-жабдықтармен жұмыс жасаумен қатар сапалы жұмысшы маман даярлап шығуда. Әр манадықтың өндірістік оқыту шеберлері білім алушының қызығушылығын арттыру мен жетістікке жету үшін

тынбай жұмыс жасаумен қатар, өндірістік сабақ соңындағы нәтижеге баса назар аударатырып, білім алушыларға «өзіндік баға» беруі қажет.





Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан - жақты маман даярлау мүмкін емес.

«Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және пайдалану» мамандарына өткізілген «Беріліс қорабы. Беріліс қорабының күйін тексеру» тақырыбындағы өндірістік сабағыма тоқтала өтейін:

Алдымен білім алушылармен өтілген сабақ бойынша білім алушылардың білімін тексеруге арналған сұрақтар қойдым. Басым көпшілігі дұрыс жауап берді. Соңында пысықтау жасау арқылы білім алушылардың жауаптарына толықтырулар жасап кеттім.

Білім алушыларға «Беріліс қорабы. Беріліс қорабының күйін тексеру» тақырыбын түсіндірместен бұрын фотосын көрсетіп оның құрылысы мен жұмыс істеу принципіне таныстырылым жасадым және тақырыпқа сәйкес бейнежазба көрсеттім.



Білім алушыларға өндірістік сабақ барысында құрал –жабдықтарды пайдалана отырып, беріліс қорабының күйін тексеру жолдарын үйреттім. Өндірістік сабақ барысында алған білімдерін білім алушылар өз деңгейлерінде, меңгергендерін көрсете білді.

Топтағы білім алушылар беріліс қорабының қызметі қандай екенін сонымен қоса, беріліс қорабының күйін тексеру жолдарын меңгере отырып, беріліс қорабына жөндеу жұмыстарында жасай алатын деңгейге болды.

Әрбір заман берілген уақыт сатысындағы өркениеттің даму деңгейімен анықталатын өз мәдениет формасын құратындығы, өз артықшылықтарын, мазмұнын, өмір сүру жағдайларын және бағыттылықтарды құрайтындығы белгілі. Тең дәрежеде бұл кәсіптік білім беру әдістеріне де, әсіресе, оның кәсіби құрамына да қатысты. Бүгінгі таңда икемді жинақылықты, белсенді жоғары біліктілікті талап ете отырып, өндірістік салаға келетін жұмысшы мамандарды сапалы даярлауда өз шарттарын қояды.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында білім алушыға өндірістік оқыту шеберлерінің білім беруіне келесідей қасиеттер талап етіледі:

- кәсіби біліктілік;
- жоғары кәсіби шеберлік;
- өз еңбек қызметін өз бетімен жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау қабілеті;

- заманауи техникалармен жұмыс жасауы және қолдана алуы;

Барлық осы қасиеттер жас манадар даярлауда кәсіпті үйрету, жастарды өздігінен еңбектену қызметіне дайындай алады. Қандайда болмасын мамандық өз ісінің нағыз майталмандарын іздейді. Өз мамандығын жете меңгерген маман өз ісінің хас шебері болып шығатыны сөзсіз. Содай-ақ, өндіріс жан-жақты дайындалған мамандарды күтеді.

"Қазақ жастары технарь болуға тиіс. Менің пікірім осындай. Үкімет бұл мәселелерді егжей-тегжей пысықтауы керек. Егер әр қаржылық өнеркәсіп тобы заманауи зауыт тұрғызып, ауылдардан, елді мекендер мен ірі қалалардан шыққан 1 мың қарапайым баланы оқытса, оларға адал әрі жақсы табыс табуға мүмкіндік берсе, бұл әлеуметтік тұрақтылықтың нағыз кепілі", - деді Тоқаев.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Автокөліктер мен қозғалтқыштарды жөндеу (2015)

В.И.Карогодин Н.Н.Митрохин

-Техникалық қызмет көрсету және автокөлікті жөндеу (2015)

Г.Б. Гибовский, В.П. Митронин, Д.К. Останин

БІЛІКТІ МАМАН – ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ

Абилшеева Айнагул Койшигуловна

Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Ақтау қ.

Аннотация

Бұл мақалада білім сапасын бағалауға байланысты өзекті мәселелерді қарастыруға арналған. Зерттеу барысында әртүрлі тәсілдер, әдістер мен критерийлер талданды. Кәсіби іс тәжірибені жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу барысында еңбек қызметтерді орындау бойынша мамандарды дайындауда толықтық және тұтастылық, кәсіби іс тәжірибенің теориялық оқытумен байланысы және оның барлық түрлерімен сабақтастық, білім алушыларда білім, білік дағдыларды бірізділікте қалыптастыру қарастырылған.

Білім беру сапасы мемлекеттің өмір сүруінің басты мақсатын білдіретін жеке адамның өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету мен арттырудың негізін құрайды. Бұл критерий ол қоғамды реформалау процесінде ерекше орын алады және мемлекеттік басқарудың әлеуметтік функциясының құрамдас бөлігі болып табылады, жеке тұлғаны дамыту және әр азаматтың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау арқылы халықтың әлеуметтік көбею механизмі шеңберінде білім беруді қарастырады. Өмір бойы тиімді жұмыс істеуге және оқуға қабілетті адамдарды тәрбиелеу; азаматтарға сапалы білім беру қажеттілігін туғызатын және оны қанағаттандыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету.

Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бір қадамы ол – ғылым-білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қай заманда болсын әрбір елдің өркендеуі мен тұғырының берік болуы – сол елдің білімді жастарының қолында. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің тілімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» [2]. Демек, Тәуелсіз Қазақстанымыздың өзге елмен терезесін тең, болашағын жарқын ететін де сол – жас ұрпақ. Кейінгі буынды өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Еркін елдің ертеңі – білікті де білімді маман қолында. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, тәуелсіз мемлекетіміздің қолға алып отырған басты мәселелерінің бірі – жастарға жоғары сапалы білім беру. Елбасымыз Қазақстанда білікті мамандар даярлау, білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударуда.

Халқымызда «Білекті – бірді жығар, білімді – мыңды жығар» - деген бар емес пе. Расында да, білімнің қуатына тең келетін күш жоқ. Білім бар жерде даму, жетілу бір сәтке толастамайды. Еліміздің қойнауында жатқан ен байлықты игеру

үшін қазақ халқы жаңа заман технологияларын меңгеру қажет. Оны игеру үшін білікті мамандар қажет.

Бүгінгі білімді ұрпақ – ертеңгі болашақ маман. Ол- еліміздің келешегі. Қазір Қазақстанда жоғары білікті кадрларды әзірлеу үшін көп жұмыс жүргізілуде. Еліміздің өркениетті алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Елбасы осындай жан-жақты дамыған білімді, елжанды, еңбекқор, өзінің атқарған ісіне жауапкершілікпен қарауды азаматтық парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеуді білім беру саласы қызметкерлеріне жүктеді.

Бүгінгі қоғамның дамуы жас мамандарға жоғары талап қояды, сұранысты қанағаттандыра алатындай қажеттілікті туындатады. Қоғам дамыған сайын технологиялық жаңару, жетілу үздіксіз жүреді.

Технология дамуының бір көрінісі – компьютер бағдарламаларының күн өткен сайын жаңаруы. Осы жаңашылдыққа серпін беретін – IT мамандары. Олардың басты мақсаты – жаңа дүние ойлап табу, бағдарламаларды жасап, түрлендіріп, жаңашылдыққа бағыттау. Бүгінде бұл сала мамандарына сұраныс та, қойылатын талап та артты. Осы сұраныстың үдесінен шыға білуде білім алушылардың, яғни болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру.

«Құзыреттілік» ұғымының білім беру саласында маңызды орынға ие болып, оны білім алушылардың бойында қалыптастыруға деген ұмтылыс та бүгінгі қоғам талабына сай маман даярлау негізі болып отыр. Білім алушының құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды саты бұл кәсіби тәжірибелерді сауатты ұйымдастыра білу. Кәсіби тәжірибеден өту арқылы білім алушы нақты дағдыларды меңгеріп, өзінің болашақ мамандығының барлық қырлары мен негіздерін игере алады, нақты машықтарға ие болады.

Кәсіби іс тәжірибенің мақсаты теориялық оқыту үрдісінде алынған оқушылардың білімдерін жүйелеу, тереңдету және бекіту болып саналады, таңданған мамандық бойынша керекті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, сонымен қатар, оларды болашақ еңбек қызметіне баулу. Осы орайда кәсіби тәжірибелердің колледждер базасында өткізудің өзіндік артықшылықтарымен қатар кемшіліктерінің де бар екендігін мойындауға тиіспіз.

Ең алдымен артықшылықтарына тоқталатын болсақ:

1) білім алушыға қиындық тудырған мәселені оқытушымен бірлесе отырып теориялық тұрғыдан шешу жолдарын қарастыру мүмкіндігінің қол жетімдігі;

2) білім алушының үйренген ортада еркін жұмыс жасау мүмкіндігі;

Ал кемшіліктеріне тоқталатын болсақ:

1) тәжірибені ұйымдастыру, өткізу сапасының материалдық базаның мүмкіндігіне тәуелділігі;

2) білім алушылардың жаңа ортаға бейімделу, жаңа ұжыммен қарым қатынас орната білу, туындаған мәселелерді өз бетінше шеше білу дағдыларын толық қалыптастыру белгілі бір дәрежеде шектеледі;

3) білім алушының болашақ жұмыс орны ретінде өз мүмкіндігін көрсете алмайтындығы;

Бұл аталған мәселелердің шешілуі уақыт еншісіндегі сұрақтар ғана. Жалпы кәсіби тәжірибелерді ұйымдастыру, жоспарлау және өткізу өзара сабақтастықта, үйлесімділікте жүзеге асырылғаны дұрыс.

Кәсіби іс тәжірибені жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу барысында еңбек қызметтерді орындау бойынша мамандарды дайындауда толықтық және тұтастылық, кәсіби іс тәжірибенің теориялық оқытумен байланысы және оның барлық түрлерімен сабақтастық, білім алушыларда білім, білік дағдыларды бірізділікте қалыптастыру және оларды бір іс тәжірибеден басқа іс тәжірибеге ауысу шамасына қарай қиындату, олардың практикалық және интеллектуалды шеберлік жүйесін дамыту мәселелерін өзара үйлесімділікте жоспарлай білген жөн.

Оқытушының кәсіби құзыреттілігі өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысы, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген қығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармалар жинағы. Алматы. – 2000. – 213 б.
2. Подковко Е. Н. Студенческий мониторинг качества высшего образования как условие обеспечения качества образовательных услуг // Современная высшая школа: инновационный аспект. — 2019. — Т. 11. — № 1(43). — С. 45–50.
3. Панченкова Л. С. Маркетинговые исследования достоверности ожиданий абитуриентов при поступлении в ВУЗ // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. — 2019. — № 1(36). — С. 40–48.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ

Сарсенғалиев Ерлан Куттигулович

арнайы пәндер оқытушысы

Акышева Гульмира Қабдылманатовна

арнайы пәндер оқытушысы

ҚМҚК «Алматы автомеханика колледжі», Алматы қ.

Аннотация

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру бағытындағы жаңа заңда бекітілген академиялық дербестіктің тиімді жақтары қарастырылған. Пилоттық жоба ретінде зерттеуге алынған дуалды оқыту бағдарламасы мен кәсіби модульдің ерекшеліктері айтылады. Колледждер мен индустриялық кеңеспен өзара ұтымды келісім шарт жасалуы, білім беру бағдарламаларының өзектілігі

екені назарға алынады. Колледждерді кәсіптік мамандар даярлауда уақытты тиімді пайдаланатын, сапалы тәжірибе беруге икемделген платформаға айналдыру көзделген. Бағалау критерийі қоса ұсынылған. Білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын бағдарламалар мен ұсыныстар академиялық дербестіктің факторы ретінде көрсетілген.

Кілт сөздер: академиялық дербестік, дуалды оқыту, кәсіби модуль, пилоттық жоба, индустриялық кеңес, ұтымды келісім шарт, технология, кәсіптік білім, сапалы тәжірибе, білім платформасы.

іл

2021 жылы «Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбындағы педагогтердің Республикалық тамыз конференциясының пленарлық сессиясында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Қазақстандық колледждерге академиялық дербестік берілгендігі жайлы мәлімдеді. «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі неғұрлым икемді және білім алушылардың талап ететін құзыреттерін қалыптастыруға бағдарлайтыны туралы айтты. Қолданысқа енген заң негізінде колледждер өздері жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындайтын болды. Білім беру бағдарламалары білім алушыларға қажетті біліктілікті алуға және қысқа мерзімде жұмысқа орналасуға, ал қажет болған жағдайда қосымша басқа біліктілікті алуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұраныстарына бейімделуге мүмкіндік береді. Осылайша, колледждер жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлайтын болады.

Республикамыздың 2020-2025 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Еліміздегі білім беру жүйесінің басты маңызды міндеті - білім беру мазмұны мен құрылымын жаңарту. Экономикалық-технологиялық прогресте заман талабына сай, білім беру бағдарламасының өзгеріп отыруы қалыпты жағдай. Сапалы білім – ғылымға негізделген теория мен практикалық іске қабілетін ашатын, ойлау жүйесі мен шешім қабылдауға үйрететін жүйелі бағдарлама. Бұл бағдарлама оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі болуы тиіс.

Академиялық дербестіктің ұтымды жақтары қандай?

1. Уақытты тиімді пайдалану;
2. Тәжірибе алмасу;
3. Жұмыс берушілермен өзара ұтымды қарым-қатынас орнату;
4. Қосымша қаржы табу;
5. Ел экономикасына үлес қосу.

Академиялық дербестікті білім сапасын арттыру факторы ретінде қарастырсақ, ең алымен жаңаша білім беру аясында маман даярлаудағы тиімді бағыттардың бірі – дуалды оқытуды қолдану, яғни уақытты тиімді пайдалану. Дуалды оқыту 40% теория және 60% тәжірибе алу болып, пилоттық жоба ретінде

зерттеліп келеді, жақсы нәтижесі берген жағдайда, уақыт тиімділігін көрсетеді. Екіншіден нақты оқыту мерзімдерінің күші жойылып, студенттерге болашақ кәсіби қызмет үшін таңдалатын курстарға байланысты оқыту курсы, мерзімін өздігінен таңдау құқығы берілді, демек (біздің жағдайда) WorldSkills кәсіби стандарттары мен талаптары негізінде бірлесе әзірленген кәсіби модуль бағдарламасын сапалы тәжірибе алмасуға жатқызуға болады. Өйткені білім алушылар тәлімгермен бірге қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстар мен конкурстарға қатысады, басқа елдердің кәсібін тамашалайды, өз кәсібін шыңдайды, бәсекеге қабілетін арттырады. Осындай кәсіби стандарттарды игерген білім алушыларды тәжірибе өткізуге өз мекемелеріне орналастыруға қызығушылық танытатын жұмыс берушілермен, әлеуметтік серіктестермен екі жақты тиімді келісім шарт жасау, өзара ұтымды қарым-қатынас орнату болып табылады. Серіктестермен бірлесе отырып құрастырылатын оқу бағдарламаларының өзектілігі Индустриялық кеңесте қаралады.

Индустриялық кеңес – сұранысқа ие мамандықтарға анализ жасап, қажетті жағдайда білім мекемесі мен серіктестерге қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Қазіргі нарықтық заманда Білім және ғылым министрлігінің бастамасы бойынша кәсіптік-техникалық білім беретін мекемелердің базасында қосымша қаржы табу мәселесі өзекті мәселе болып тұр. Айталық, біздің колледжде дәнекерлеушілерді дайындайтынымыз белгілі. Білім алушылар колледждің өндірістік базасында әр түрлі заттарды дәнекерлеп, нақты өнім шығарады. Алдағы уақытта осы өнімдерін сатып, өндірістік базасын нығайту мүмкіндігіне ие бола алады, бұл білім алушының өз ісіне қызығушылығын оятады. Кез келген материалдық игілік, білім беру мекемесінің де, білім алушының да бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетіні анық.

Сонымен қатар білім алушыларды өз ісінің кәсіби-шебері ретінде даярлауда ТАЛАП КЕАҚ (комерциялық емес акционерлік қоғам) орталығынан қажетті қысқа мерзімді курстарда білім алуына мүмкіндік алады. Бұл дегеніміз оқу мерзімі үш жыл болса, үш жылда үш мамандықты игеріп, үш квалификация алып шығады. Сондай-ақ ТАЛАП КЕАҚ (комерциялық емес акционерлік қоғам) орталығының реестріне және де ҰББДҚ (ұлттық білім беру деректер қоры) реестріне тіркеледі. Білім алушылардың заман талабына сай нарықтық экономикада қаржылық сауаттылығын дамыту бағытында оқу бағдарламасына: нарықтық экономика, өндіріс экономикасы және кәсіпкерлік қызмет негіздері пәндері қосылған, осы пәндерді меңгерту арқылы кәсіпкерлікке баулу еліміздің экономикасына үлесін қосуға ынталандырады.

Білім сапасы – негізінен оқу материалын игерту, білім алушылардың интеллекті мен креативті ойлау қабілетін дамыту және адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту. Сапалы білім беру – педагогтардың шеберлігі мен баламен қарым-қатынасын ізгілендіруге ықпал етеді.

Кәсіби халықаралық стандарттар негізінде және аймақтық ерекшелікті ескере отыра, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту мерзімі мен

траекториясын анықтау мүмкіндігінің берілуі колледждердің нәтижелі жұмыс жасауына әсер етеді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған академиялық дербестіктің аталып өткен ұтымды жақтарын оқу бағдарламасына сыйғызу арқылы, білім алушылардың кәсіптік – техникалық білімін арттыруды, оқу бағдарламасын жаңа технологиялармен сабақтастыруды ұсынамын. Бағдарлама мазмұнын білім алушының бойына сіңіруде әр оқытушы өздігінше өзіне ұнайтын, өзі тиімді деп есептейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолдана береді.

Л.Н. Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде: «Олақтықтың белгісі- бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу. Мұғалім көп әдісті білу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген.

Олай болса, тәртіп пен жауапкершілікті өзімізден бастап, күнделікті сабаққа қажетті жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып, жаңа ақпараттарды іздеп, ізденісімізді арттырайық, жаңа технологияларды оқып- үйреніп өз тәжірибемізде шеберлікпен қолданайық. Ұстаздар қауымы – білім алушыларға үлгі бола білейік! Алдымыздағы шәкірттерге терең де тиянақты білім берудегі қажеттілігіміз. Баршаңызға еңбектеріңізге шабыт пен жігер тілеймін! Назарларыңызға рақмет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймағамбетов: «Кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері академиялық дербестікке ие болады», 2020 ж.
2. Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Астана, 2020ж.
3. Интернет желісі: Ақпарат көзі: <https://www.tarbie.kz/25889>

БІЛІМДІ ЖАҢҒЫРТАТЫН ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ахметжанова Динара Косылбековна
пәндер оқытушысы*

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің қоғамдық

Аннотация

Орта білім беру жүйесіне енгізілген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай тың бағдарлама. Оның негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, өлшемді бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім мазмұнын жаңарту - білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру

болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Кілт сөздер: Білім, жаңаша, көзқарас, сапалы, бағдарлама, талап, ғылым, заманауи, шығармашылық, технология.

Педагогикалық технологиялар, жалпы білім беру деңгейіне барабар ғылымның рөлі артып келеді. Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану - заман талабына сай. Қазіргі жаңа талаптар білім алушыға емес, қазіргі заман оқытушысына қойылады, оқытушылар тек «білім беруші» ғана емес, білім алушылардың оқу ортасын құра алатын адам болуы керек. Педагогикалық технологияларды іске асыру үшін қалыпты емес жағдайда жұмыс істей алатын, технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесін түсінетін, жаңа рөлді қабылдай алатын педагог болуы қажет. Ол үшін ол жаңашылдыққа дайын болуы керек. Оқу процесінің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы - заманауи педагогикалық технологияларды қолдану. Жаңа заман оқытушыларының білім мазмұнына өзгеріс енгізе алатын, оқыту мен тәрбиеге жаңа әдістер мен технологияларды енгізе алатын зор шығармашылық әлеуеті бар.

Білім берудің қазіргі заман талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, күзiреттi тұлға тәрбиелеу.

Оқыту – мұғалімдердің білім алушыларға жасаған сыйы емес, бұл күзiреттiлiктер білім алу үшін білім алушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, білім алушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек [1].

Осыған байланысты білім алушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, білім алушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын өлшемді бағалау болып табылады.

Өлшемдер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Өлшемді бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, білім алушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі өлшемдерімен білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер білім алушыға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер білім алушымен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл білім алушыға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Өскелең елдің жарқын болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып келе жатыр.

Замануи тұжырымдар Қазақстандағы оқу бағдарламаларын өзгертудің қажеттілігін нақтылай түседі. Технологиялар, коммуникациялар мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға және ХХІ ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыға терең әсерін тигізуде. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Білім алушылар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, сын тұрғысынан ойлауы дамыған, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Осы нәтижелерге жету үшін білім мазмұнын жаңарту жағдайында өлшемді бағалауды қолдану өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш - білім және білімді ұрпақ. Осыған байланысты білім беру саласына көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр [2].

Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни білім алушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, білім алушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі – оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты. Жалпы алғанда, жаңа өлшемді бағалау жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіреді және білім беру сапасын арттырудағы нақты артықшылықтарға қол

жеткізуге мүмкіндік береді. Дұрыс қойылған басымдық пен анық өлшемді бағалау жүйесінің әдістемесі:

- білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті және анық бағалауға;
- оқу, оқыту және бағалауды жетілдіру мен интеграциялауға бағытталған бағалау жүйесін жүзеге асыру механизмдерінің реттілігін қалыптастыруға;
- бағалау құралдарын құрастыруға, оның ішінде жоғары деңгей дағдыларының қалыптасқанын тексеру үшін;
- оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы білім алушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге, оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру;
- тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курсына деңгейлеп оқыту бағдарламасының әдіс-тәсілдерінің теориялық негізін меңгере отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін деңгейлеп оқыту бағдарламасын оқып үйреніп, тәжірибе кезінде бұл оқудың артықшылықтарына көз жеткізуге болады. Қазіргі таңда білімді өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде бұл оқу бағдарламасының алатын орны ерекше. сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен бағдарламаның негізі Ж. Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Қазіргі уақытта педагогика ғылымның бір ерекшелігі – білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне енгізу [3].

«Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі» деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға өлшем арқылы бағалауды енгізіп, білім алушылардың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасақ, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, білім алушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймын.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге.

Біліктілікті арттыру курсы соңында әр мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізді. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», – дейді Абай. Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу –

халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын.

Қорытындылай келе, Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Тендікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қаран, келешегі – тұман». Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол! Ұстаздардың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психикалық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Бұл педагогикалық бағытта оқытушы мен оқушының өзара ықпалы, өзара дамуда, ынтымақтастықтан теңгермешілікке, дамудың жоғарғы деңгейіне жетуде мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Астана, 2016ж.
2. Көкіжанова Г.К. «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий» – Педагогика, 2009 ж.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. 2013 ж.

СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Ахметов Жумат Мангазович
преподаватель истории

*КГКП «Костанайский педагогический колледж»
Управления образования акимата Костанайской области*

Аннотация

В современных условиях в образовательном пространстве происходит конкурентная борьба среди учебных заведений за абитуриентов. Успех одерживает только то учебное заведение, которое имеет свой бренд, обоснованный качественным образованием и востребованностью его выпускников в реальном секторе экономики. Увеличить конкурентоспособность

можно путем повышения качества образования. Этому способствуют регулярное усовершенствование учебного процесса, внедрение новых педагогических технологий, повышение педагогического мастерства преподавателей.

Улучшить качество образования можно, усилив заинтересованность студентов в осваиваемой профессии, таким образом, у них будет внутренняя мотивация для более качественного овладения материалом и активизации учебной и научной деятельности. Для этого педагог должен применять современные педагогические методики и сам постоянно развиваться.

В исследовании использован педагогический опыт автора. Систематизированы направления оценки качества, которые могут быть применены как для создания механизмов внутренней, так и для внешней оценки качества образовательного процесса.

Ключевые слова: студент, новые педагогические технологии, конкурентоспособность.

Одним из направлений повышения узнаваемости учебного заведения в регионе является качество образования, что подтверждает актуальность темы данной работы. Цель исследования — анализ методов организации учебного процесса для выявления оптимальных, способствующих повышению качества образования. По моему мнению, реальный результат в профессиональном образовании должен оценивать работодатель, когда специалист уже приступил к работе. Это дает возможность ориентировать проверку качества подготовки не на воспроизведение знаний, а на их применение в реальной ситуации, выявить таким образом степень компетентности молодого специалиста, оценить результативность работы образовательного учреждения.

На современном этапе можно встретить различные вариации определений качества профессионального образования. Например «академическая свобода». Под академической свободой понимается наличие необходимых факторов для успешного функционирования организации образования, которое будет содействовать эффективному обучению. Академическая свобода колледжей — залог успешности и конкурентно- способности.

Что даст модернизации в системе ТиПО?

- это обновление программ
- возможность гибко реагировать на потребности рынка труда и, как следствие, быстрый выход на рынок труда
- установление индивидуальных методов обучения
- переход от модульного подхода к кредитно-модульному, т.е. изначальное определение результата обучения.

Колледжи по согласованию с работодателями будут составлять образовательные программы, на основе профстандартов или требований рынка, размещать в реестре программ министерства просвещения РК и в зависимости от них готовить кадры.

Хочется отметить, что данные меры позволят подстроиться под технологические изменения на производстве и запросы рынка труда, и система

ТиПО будет готовить специалистов, которые будут соответствовать требованиям работодателей.

Качество обучения в учебных заведениях зависит от заинтересованности студентов предметом, от их желания освоить профессию на высоком уровне. Задача педагога заключается в том, чтобы привить студенту интерес к изучаемому предмету и к профессии в целом. Для этого преподаватель должен постоянно совершенствоваться и внедрять новые современные педагогические технологии или модернизировать имеющиеся с учетом требований образовательного пространства. В практических занятиях важно применять практико-ориентированные технологии.

Перед современными школьниками и студентами информационное общество открывает огромное количество инструментов, способов и методов получения знаний. Но не смотря на это, педагоги и родители всё чаще сталкиваются с низкой успеваемостью у своих детей, и эта проблема на сегодняшний день является особенно актуальной. Риски учебной неуспешности развиваются из-за отсутствия системной работы с неуспевающими обучающимися и недостаточной психологической поддержки, которую может оказать организация образования обучающимся.

На практике организации образования редко применяют механизмы поддержки обучающихся с рисками неуспешности, напротив, однажды оказавшись среди «слабых» обучающихся, детям будет крайне непросто самостоятельно избавиться от этого статуса. Низкие результаты – это лишь индикатор, который должен запускать процессы индивидуальной поддержки обучающемуся по выявленным дефицитам.

А на фоне того, что запросы общества к образованию растут: нужно обладать не только определенными знаниями, но и умениями, навыками. Выход из ситуации невозможен без выявления причин того, «почему у детей низкая успеваемость». Среди этих причин выделяют две группы: психологические и физиологические. В этой статье мы попробуем найти решение проблемы.

Психологические причины-это прежде всего, низкая мотивация к обучению, в результате не качественной профориентационной работы в школе. Неспособность справиться с большим объёмом учебного материала. На сегодняшний день данная проблема затрагивает все возрастные категории обучающихся: наличие информационных источников разных по содержанию, объёму, типу приводит к тому, что студент не может определить, что является главным, а что второстепенным, и перестает вообще пытаться систематизировать и анализировать получаемые знания. Отсутствие увлечений, достижений в спорте, интеллектуальных конкурсах приводит к тому, что подростки ищут путь самовыражения через проявление отрицательных сторон своего характера: грубость, лень, неусидчивость и, как результат, низкая успеваемость. Выходом является направление его активности на занятия тем видом деятельности, в котором он может достичь определенных результатов.

К физиологическим причинам, «почему дети плохо учатся», относят физические данные, в частности, хроническая усталость и хронические

недосыпания, избежать которых можно с помощью правильного режима дня. Высокая загруженность внеурочной деятельностью, которая на данный момент, согласно новой концепции современного образования, становится обязательной, занятия в дополнительных кружках и секциях, в которых зачастую к детям также предъявляют определенные требования, приводит к рассеянности внимания, снижению умения его концентрации. Следовательно, нужно проанализировать степень загруженности детей и определить только то дополнительное образование, которое не оказывает на основные занятия, отрицательного влияния.

Проблема повышения качества образования всегда была актуальна в нашей профессии и всегда была неразрывно сопряжена с вопросом профессионального роста учителя, повышения его квалификации. Недостаточная предметная и методическая компетентность педагогов, низкий уровень сформированности профессиональных компетентностей может проявляться в низком уровне мотивации обучающихся, его слабом освоении учебной программы.

Основными задачами профессионального развития можно считать:

- освоение специфических подходов, технологий, методов и приемов обучения;
- применение освоенных технологий, методов и приемов в ежедневном взаимодействии с коллегами при проведении совместных исследований;

Совершенствование компетенций педагогов строится на принципах индивидуализации и непрерывности профессионального развития. Для профессионального развития важно наличие индивидуального плана, который педагог составляет самостоятельно или с помощью наставника (тьютора, ментора), ориентируясь на разнообразие доступных ему возможностей. Совместное обсуждение целей, стратегий, дидактических материалов, технологий, способов, методик, техник, способов фиксации и оценки образовательных результатов дают возможность педагогам учиться, распределять сферы ответственности по обеспечению планируемых результатов, улучшать преподавание. В ходе встреч педагогов происходит смещение с позиции «Как мы будем учить?» на позиции «Как дети будут учиться?» и «Как мы узнаем, что каждый ребенок научился?».

В ходе работы педагоги используют материалы периодического оценивания для согласования приоритетов обучения и развития; совместно определяют отвечающий установленным задачам технологию (метод) преподавания, которая будет в дальнейшем совершенствоваться.

При планировании учебных занятий необходимо придерживаться тех технологии (методик), которую вы совершенствуете. По окончании занятий проводить рефлексию с целью определить мнение обучающихся о том, что было для них полезно, что, по их мнению, они узнали, и как, на их взгляд, можно было бы изменить урок, сделать его еще более эффективнее.

Примерные вопросы для опроса обучающихся после урока:

- Что ты сейчас можешь делать из того, что не мог делать прежде?
- Что ты можешь сделать лучше? Насколько лучше?

-Какая часть обучения была для тебя наиболее эффективна?

-Если этот же урок будет проводиться в другой группе, что бы ты в нем изменил и почему?

Сегодня в педагогической среде все чаще обсуждаются эффективные практики по повышению качества образования.

Известный ученый и педагог К.Д. Ушинский говорил: «В деле обучения и воспитания, во всем школьном деле ничего нельзя улучшить, минуя голову учителя». Учитель во все времена, при всех реформах образования был, есть и будет ключевой фигурой.

Безусловно, одним из эффективных механизмов профессионального роста педагогов является, на мой взгляд, их участие в работе региональной инновационной площадки, в реализации программы инновационной деятельности. В течение учебного года в нашем колледже проводятся методические недели, где участвуют практически все преподаватели, поэтому через открытые учебные занятия куда приглашаются все свободные педагоги, проходят все.

Данные мероприятия всегда имеют практическую направленность, проходят с проведением открытых уроков, представлением конкретного опыта работы педагогов колледжа.

Необходимость представления собственного опыта работы, а значит, необходимость «открываться» перед коллегами не только своего колледжа, но и города и области, диктует педагогам необходимость изменения собственной образовательной парадигмы. Я для себя определил, что время заранее отрепетированных уроков прошло. Такой урок виден сразу, заранее готовые ответы прозвучат раньше, чем вопрос учителя. Новый подход делает ориентир на умение учителя организовать на уроке работу по поиску ответов на вопросы, на решение проблем, опровержение или подтверждение гипотез и т.д. После проведенного урока обязательно проводить его обсуждение с приглашенными коллегами. Должен состояться конкретный анализ урока, а не пожелания и благодарности за проведенные уроки, к которой, к сожалению, привыкли многие. Для того, чтобы учиться друг у друга. И учиться должен и тот, кто пришел на урок по приглашению, и тот, кто его проводит. Проблемой может быть неумение преподавателей анализировать свой урок: именно анализировать с точки зрения поставленных целей и задач и достигнутых результатов, а не пересказывать его содержание, которое уже все видели.

Далее приглашенные преподаватели не всегда могут высказать свое видение по учебному занятию, делать замечание или давать рекомендации. В основном это была миссией администрации. Со временем большинство педагогов примут рабочую, а не показную атмосферу проведения открытых учебных занятий.

Сегодня перед нами вызовы, связанные с быстро меняющимся миром, его непредсказуемостью, новым типом личности, с расширением и формированием новых требований к результатам образования.

При этом педагог все эти вызовы должен принять, научиться с ними жить

и научить жить в условиях изменений и вызовов своих студентов, чтобы они стали конкурентно способными специалистами.

В этих условиях система методической работы нашего колледжа может стать эффективным инструментом повышения качества образования.

Опираясь на опыт своей образовательной организации, можно сказать, что закономерно выстраивать свою методическую работу, исходя из:

- потребностей внутреннего развития,

- расширением инновационного поля образовательного учреждения, необходимости освоения новых профессиональных компетенций.

Именно эти потребности стали основополагающими для формирования своей системы в методической работе, сложившейся в колледже.

Надо учесть, что международное исследование учительского корпуса TALIS показало, что учителя не владеют наиболее распространенными приемами формирующего оценивания, такими как целенаправленная обратная связь по результатам работы учащегося, и в основном ориентированы на итоговое оценивание, проводимое в тестовой форме. Для успешного выявления и коррекции учебных проблем, которые могут приводить к рискам неуспешности, учителям необходимо освоить инструменты формирующего оценивания. Формирующее оценивание требует активного участия обучающихся. Благодаря этому обучающиеся глубже погружаются в материал и развивают навыки самооценки. Поскольку дети видят заинтересованность преподавателей, стремящихся помочь им добиться успехов в учебе, их учебная мотивация растет.

Одним из способов решения проблемы низкой мотивации обучающихся является развитие их представлений о значимости обучения для будущей жизни. Эффективным средством для этого является профориентационная работа. Существенное отличие современного понимания профориентационной работы заключается в ее нацеленности не на выбор конкретной профессии каждым учеником, а на формирование у учащихся неких универсальных качеств, позволяющих осуществлять сознательный, самостоятельный профессиональный выбор, быть ответственными за свой выбор, быть профессионально мобильными.

- қазіргі жаратылыстану ғылымдары мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері тұрғысынан әлемнің қалыптасқан бейнесі туралы білім негіздерін қалыптастыру;
- технология мен технологияның дамуына айтарлықтай әсер еткен маңызды идеялармен, жаратылыстану жетістіктерімен таныстыру;
- қоршаған әлем құбылыстарын түсіндіру, БАҚ-тан, интернет-ресурстардан, арнайы және ғылыми-танымал әдебиеттерден жаратылыстану тұрғысынан ақпаратты қабылдау және өмірлік маңызы бар мазмұнды қалыптастыру;
- интеллектуалды, шығармашылық қабілеттер, сыни ойлау
- элементар зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылыми ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;
- табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктері
- өркениетті дамыту және өмір сүру сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті арттыру;
- күнделікті өмірде тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдарының білімін қолдану. [4].

Жаратылыстану пәндерін оқытудың ерекшелігі –білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі оң нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Білім ордаларында одан әрі қарай жинақталған білім, білік, түсінік және дағдыларды деңгейлерін қалыптастыру мақсаттарын көздейтін негізгі міндеттер тұрады. Дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу міндеттері бойынша оқытушылар өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістігін бағалауға бағытталған.

Жалпы айтқанда Жаратылыстану пәндерін оқытуда білім алушылар мынандай нәрселерді меңгереді;

- қоршаған әлемдегі зат құбылыстарына бақылау жүргізуге;
- өлі мен тірі табиғат жүйесінде болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үрдістердің нақты себептерін анықтауға;
- заманауи технологияларды тиімді қолдана білуге;
- қарапайым зерттеулерден өзіндік ой тұжырымдар мен қорытындылар жасауға үйренеді.

Қазіргі жаратылыстануда қолданылатын зерттеудің негізгі принциптері мен әдістерін меңгеру жас ұрпақтың дүниетанымын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Үкіметінің қаулысы №327, 25.04.2015 ж.

2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен/ – Астана, 2016.- 48 б.

3. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік нұсқаулық /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ/ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен/ – Астана, 2016.- 46 б.

4. Оқу бағдарламасы. (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш мектеп (1-4 сыныптар). наурыз 2016 ж. (сауат ашу, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, дүниетану, жаратылыстану).

5. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Жумаишканов Есбол

*преподаватель специальных дисциплин
Алматинский автомеханический колледж.*

Аннотация

В данной статье рассматриваются перспективы развития системы образования в современном Казахстане. Образование оказывает решающее воздействие на современного человека. Значительные изменения происходят и в Казахстане, где сложилась и целенаправленно реформируется достаточно современная система образования. Общеизвестно, что в информационно-технологическом обществе двадцать первого века определяющим в конкуренции государств будет уровень образованности нации, ее способность развивать прогрессивные технологии. И роль педагогических исследований оказалось необходимой как ответ на вызов времени.

Ключевые слова: исследования, эмпирический, теоритический, методологический, наука

1. Исследование – это процесс и результат научной деятельности, направленный на получение новых знаний о закономерностях, структуре, механизмах функционирования изучаемого явления, о содержании, принципах, методах и организационных формах деятельности. Научные исследования в педагогике, их основные характеристики [Электронный ресурс] URL: https://studopedia.ru/8_124279_nauchnie-issledovaniya-v-pedagogike-ih-osnovnie-harakteristiki.html]

Педагогическое исследование – это процесс формирования новых педагогических знаний, вид познавательной деятельности, направленный на открытие объективных закономерностей обучения, воспитания и развития. Вопросы становления личности педагога в научно-исследовательской деятельности связаны с повышением его активности в профессии, с формированием стремления к профессионально – личностному росту и развитию своего научно-педагогического потенциала. На развитие системы образования оказывает целый ряд факторов. И главный фактор это научное исследование, так как на исследовании отражается развитие системы образования в большинстве стран мира. Все большая заинтересованность общества в приобщении населения к более высокому уровню образования как предпосылки социального и морального прогресса. Современному педагогу необходимо уметь сочетать в своей работе педагогическую и научно-исследовательскую деятельность, то есть необходимо установить рационального соотношения между учебной и исследовательской работой. Современный учитель должен активно участвовать в инновационных процессах, самостоятельно генерировать новые идеи, уметь их научно обосновывать, организовывать исследовательскую деятельность

учащихся. Как говорил немецкий гуманист Вильгельм фон Гумбольдт «Чем выше уровень образования и культуры, тем больше мы приближаемся к человеку». И это понятно. Развитие человека и общества – единый процесс.

В настоящее время востребованы такие качества учителя, как проблемное видение ситуации, критическое осмысление действительности, рефлексия и многие другие, имеющие отношение к исследовательской деятельности. К видам научно-исследовательской деятельности педагога относятся: поисково-исследовательская деятельность; внедренческо-исследовательская деятельность; опытно-экспериментальная работа.

Педагогу необходимо уметь сочетать в своей работе разные виды деятельности, чтобы успешно осуществлять свою профессиональную самореализацию.

2. Педагогическое научное исследование – это процесс формирования новых педагогических знаний, вид познавательной деятельности направленный на открытие объективных закономерностей обучения, воспитания и развития. Различают три уровня педагогических исследований: 1) эмпирический – устанавливаются новые факты в педагогической науке. 2) теоритический – выдвигает и формулирует основные, общие педагогические закономерности, позволяющие объяснить ранее открытые факты и предсказать их будущее развитие. 3) методологический – на базе эмпирических и теоритических исследований формулируются общие принципы и методы исследования педагогических явлений, построения теории. Изучение педагогической действительности происходит через педагогическое исследование. Его цель – выявление порядка, регулярности в изучаемом процессе, установление закона или закономерности. [Литвин А. В. К вопросу о методологии педагогических исследований // Отечественная и зарубежная педагогика. 2015. №3 (18). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-metodologii-pedagogicheskikh-issledovaniy>]

Строгий научный педагогический эксперимент должен удовлетворять следующим четырем критериям.

- 1) Предполагать внесение в педагогический процесс чего-либо нового принципиально нового воздействия изменения с целью получения определенного результата.
- 2) Обеспечивать условия, позволяющие выделить связи между воздействием и его результатом.
- 3) Включать достаточно полный, документально фиксируемый учет параметров показателей начального и конечного состояния педагогического процесса, различие между которыми и определяет результат эксперимента.
- 4) Быть достаточно доказательным, обеспечивать достоверность выводов.

3. Научно-педагогическое исследование – это процесс и результат научной деятельности, главным итогом которой является овладение новой информацией о связях и закономерностях образования, принципах, на которых оно строится, а так же о его содержании, структуре, технологиях и механизмах. Проведение научно – педагогического исследования требует союлюдения его логики и

динамики. Это значит, что должны быть последовательно выполнены все этапы: эмпирический, гипотетический, экспериментально-теоритический/теоритический и прогностический. Значение эмпирического этапа состоит в следующем: происходит получение представления об исследуемом объекте, выявляются несоответствия между существующей образовательной практикой, знаниями и стремлением познать суть явления, обозначается актуальная проблема. Научный аппарат исследования [Электронный ресурс] URL: <https://mspak.herzen.spb.ru/wp-content/uploads/2018/03/ОИЗ.-Научный-аппарат-исследования.pdf>]

Главный итог этапа – сформулированная гипотеза, которая представляет собой совокупность предположений и противоречий, подлинность и истинность которых в установлении. Гипотетический этап является переходным, он необходим для устранения противоречия между имеющимися представлениями об объекте исследования и необходимостью определить его сущность. Третий этап теоритический направлен на преодоление противоречия между функциональными и гипотетическими представлениями об установленном объекте и потребностью в системных представлениях о нем.

Изменения в системе образования происходят под воздействием определенных факторов- причин или движущих сил определенного процесса. Образование сегодня выступает как важнейшая движущая сила общественного и экономического развития. Оно- основа инновационных процессов. Но в разных регионах Казахстана этот процесс идет с разной интенсивностью и эффективностью. От формирования образования зависит дифференцированное множество свойств самого «образования», это и качество образования, и доступность и информативность. Если рассматривать научно- педагогические исследования как фактор развития системы образования это будет повышением глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки, воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей, увеличение вклада науки в социально –экономическое развитие страны. Зарождение и развитие науки в Казахстане началось в начале двадцатого века. За последние годы в казахстанской науке благодаря педагогическим исследованиям достигнуты хорошие результаты. Образование и наука являются основными факторами экономики. Во всемирной декларации о высшем образовании для двадцать первого века подчеркивается, что без соответствующего высшего образования и современных научно-исследовательских учреждений, с квалифицированными и образованными людьми, ни одна страна не в состоянии обеспечить реального устойчивого экономического развития. Надо признать что Казахстан шагнул на ступень индустриально-инновационного развития. По мнению казахстанских ученых, данный этап характеризуется перепрограммированием научной системы в соответствующими нормативными показателями, структурной, организационной, кадровой, инфраструктурной и финансовой обеспеченностью, должна привести к коренным изменениям. Что касается научно-технического потенциала Казахстана, то здесь следует отметить, что он формируется из

фундаментальных секторов науки, научно-технических институтов по отраслевым направлениям, которые должны в совокупности работать с проектно-конструкторскими лабораториями предприятий и учреждений, включая иные научно-исследовательские подразделения, которые заняты производственной деятельностью. Педагогический потенциал исследования определяется совокупным объемом научных знаний, степенью подготовки их практического применения, качественным и количественным показателями научных сотрудников и кадров. Позновательная функция педагогического исследования состоит в изучении, постижении сущностных сторон процесса образования. Благодаря педагогическим исследованиям формируются новые педагогические знания, виды познавательной деятельности направленные на открытие объективных закономерностей обучения, воспитания и развития.

Список использованных источников:

1. Литвин А. В. К вопросу о методологии педагогических исследований // Отечественная и зарубежная педагогика. 2015. №3 (18). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-metodologii-pedagogicheskikh-issledovaniy>
2. Научные исследования в педагогике, их основные характеристики [Электронный ресурс] URL: https://studopedia.ru/8_124279_nauchnie-issledovaniya-v-pedagogike-ih-osnovnie-harakteristiki.html
3. Научный аппарат исследования [Электронный ресурс] URL: <https://mispak.herzen.spb.ru/wp-content/uploads/2018/03/ОИЗ.-Научный-аппарат-исследования.pdf>

№	ФИО участника	Жумашканов Есбол Жансерікулы
1	Должность, ученая степень, ученая звание	Преподаватель специальных дисциплин
2	Полное юридическое наименование места работы	Алматинский автомеханический колледж
3	Адрес (страна, область, село, улица, дом)	Алматы, улица Косынова 119
4	Контактные номера, email	87767214537, ezhumashkanov@gmail.com
5	Название статьи	НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ
6	Форма участия в педогогических чтениях	Приму участие в публикациях статьи в сборнике педагогических чтений

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Ильяс Сая Қуандыққызы

өндірістік оқыту шебері

М. Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі

Аннотация

Автор өндірістік оқуда білім алушылар біліктілігін арттыру мақсатында түрлі әдістерді пайдалану арқылы өзі таңдаған кәсіпке деген ықыласын арттыру, жаңа технологияларды меңгерту жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер : мамандық, білім, өндіріс, машықтану, технологиялар

Мамандық – өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі екенін бәрімізге белгілі.

«Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» мамандығы қоғамға қай уақытта да қажетті мамадықтардың бірі, сапалы білім беру мақсатында колледжімізде оқу шеберханалары заманауи жабдықталған, солардың бірі «Жылу техникасының теориялық негіздері және жылу техникалық өлшеулер» зертханасы, мұнда мамандыққа бейімдеу үшін «Автономды жылыту жүйесі», «Автоматтандырылған жылыту бекеті», «Сұйық және газ тәріздес отынды автоматтандырылған қазандық» оқу-зертханалық кешен орналастырылған.

“Автономды жылыту жүйесі” стенді жылыту жүйесінің құрылысын зерттеу үшін арналған. Бұл стенд “Жылумен қамтамасыз ету”, “Жылыту және жылыту жүйесі”, “Жылыту техникалық өлшемдер”, “Жылыту жүйесін автоматтандыру” шеберханалық жұмыстарды жүргізу үшін арналған және жылыту жүйесінің барлық элементтерінен тұрады, яғни жүйенің барлық нүктесіндегі температурасын өлшеу, жылыту генераторы, циркуляциялық насос, жылу тасымалдағыштың шығының өлшеуге есептеуге болады.

Гидравликалық схема арқылы, нақты осы кездегі жылыту жүйесінің жұмысын көзбен көруге болады. Бұл зертханалық жұмыстар өнеркәсіптік мамандандырылған құрылғылар жұмысына максималды жақындастырылған. Оқу стендтерінде процестердің температурасын реттеу үшін, шынайы қазандықтарындағыдай, кәсіби өнеркәсіптік бақылаушысы бар. Өндірістік оқыту кезінде білім алушылар бүкіл ысырмалар мен вентильдерді, тетіктерді басқарып, бағдарламасын өзгертіп отыра алады.

Автоматтандырылған жүйе (Автоматизированная система; the automated system) — басқару міндетінің бір бөлігін адам (оператор) орындайтын, басқарылатын объектілер мен автоматты басқару құрылғыларының жиынтығы. Автоматтандырылған жүйеде автоматты құрылғылар басқару объектісінен ақпарат жинақтауды, оны жеткізуді, түрлендіруді және өңдеуді, басқарушы командаларды қалыптастыруды және басқарылатын объектіде олардың орындалуын жүзеге асырады.

Жылыту жүйесі автономды әрекет ететін, жабық типті стенд-тренажер болып табылады, өзіне заманауи негізгі компоненттері енгізілген. Стенд 100°C дейін жұмыс жасай алады. Жүйедегі артық қысым айналым насостардың тұрақты жұмысын кепіл етеді және қайнаусыз жылытутасығыштың температура диапазонының жұмысын кеңейтеді.

Практиканың мақсаты: болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай білім, тәрбие беретін шығармашыл, білікті маман дайындау. Болашақ мамандардың кәсіби шеберліктерін шындайтын технологиялар меңгеру. Осы оқу-зерттеу кешенін өндірістік оқыту барысында білім алушылар алған білімді, іс жүзінде өндірістік практика өту кезінде пайдаланады. Осы техниканың көмегінің нәтижесінде білім алушылардың мамандыққа деген қызығушылығы артып, қабілеттері жетіле түседі.

Практика соңында білім алушы бойында қалыптасатын дағдылар:

-Арматура кластарын, арматура құрылымын орналасуы, жабдықтың сипаттамасы бойынша негізгі ағындардың параметрлерін анықтауды.

-Қазандық қондырғылардың газ-ауалы жолы, күл қожды жоюды. Отын беру және қатты отынның шаңын дайындау. Пайдалану кезінде пайда болған қосымша жабдықтың ақауларын анықтау. Жабдықты іске қосуға және жөндеуге дайындық жұмыстарды өткізеді.

-Отынның жіктелуі және оның техникалық сипаттамалары. Отынды пайдалану тиімділігі. Оттық құрылғылар. Қыздырудың бу түзетін беттері. Бу қыздырғыштар. Бу қазандықтарының каркасы, қаптамасы және гарнитурасы. Отын беру және қатты отынның шаңын дайындау. Газ-мазутты электр станцияларының отын шаруашылығы.

-Температураны, қысымды, қысым мен разрядталуды, сұйықтықтар мен шашылғыш денелердің деңгейін, газдың, судың, будың құрамын өлшеу.

-Қазандық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету: Қазан турбиналық цехқа қызмет көрсетуді ұйымдастыру және технологиялық көрсеткіштері. Қазандық қондырғылардың қосымша жабдығына қызмет көрсету. Қазандық қондырғылардың жабдығын сынау және баптау. Тартып үрлейтін машиналарды жөндеу. Регенеративті ауа қыздырғыштарды жөндеу. Қоректік шаңның диірменін жөндеу. Сорғыларды жөндеу. Жөндеу жұмыстарды өткізу сияқты толып жатқан жұмыстар машинистердің мойнына үлкен жүк артады. [1]

Серіктес ұйымдармен жұмыс жүргізу барысында Қызылорда қаласындағы өндіріс орындармен тығыз байланыс орнату шараларын жүзеге асырудамыз. Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мақсатында түрлі кәсіпорындармен келісім-шарт жасалынады. Атап айтсақ, «Қызылорда Жылу электроорталығы» және оның автономды бөлімшелері, «Нұр-Строй Сервис LTD» және т.б. кәсіпорындар. Осы аталған кәсіпорындарда біздің колледж білім алушылары өндірістік практикасын, талапқа сай, білімдерін одан әрі тереңінен шыңдау үстінде. Оқу жылының бірінші жартыжылдығында өткен практикада аталған кәсіпорын бірнеше машықтанушылардың атқарған жұмыстарына көңілдері толып, жақсы пікірлерін берді.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесте техникалық және кәсіби білім беруді белсенді дамыту бойынша тапсырма берген еді, яғни «Техникалық және кәсіби білім беруді белсенді дамыту керек. Тегін кәсіби техникалық білім беру бағдарламасы жыл сайын 100 мың студентті қамтып отыр» деген.[2]

Болашақ мамандарды дайындауда оқу үрдісін өндіріспен байланыстыру – ең басты мәселе. Себебі, оқу орындары мен өндірістік кәсіпорындары байланысынсыз білікті маман даярлау мүмкін емес.

Оқытуды өндіріспен байланыстыруда мынадай жағдайларды қарастыру қажет:

- еңбек нарығында дайындалатын мамандарға деген сұранысты ескеру;
- оқу орнының материалдық-техникалық базасын және оқу-әдістемелік кешенін қазіргі заманауи талаптарға сәйкес нығайту;
- серіктес ұйымдармен, потенциалды жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату.

Болашақ маманды бүгінгі қоғам талабына сай дайындау мақсатында жаңа өндірістік технологияларды оқу үрдісінде жүйелі пайдалану керек. Осы орайда, өндірістік практиканың алатын орны ерекше. Білім алушылар өздерінің бейімділігін, шеберлігін, алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде ұштастырғанда ғана маманға сай шеберлікке, іскерлікке жете алады.

Өндірістік оқытудың мақсаты:

-өндіріс жағдайында жұмысшы мамандығы саласындағы іскерлік пен қабілеттілікті дамыту және жұмысшыларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға барынша тарту;

-тікелей өндіріс орындарында жұмысшыларды өндірісті ұйымдастыру тәсілдерімен, технологиялық процестерімен, экономикамен басқару жолдарымен таныстыру;

-білім алушыларды өндіріс саласында туындайтын түрлі жағдайларды шеше білуге дайындау және олардың өздерінің мамандығын терең игере білулеріне қолайлы жағдайлар туғызу;

-арнайы пән кезінде алған білімдерін одан әрі тереңдету.

Болашақ мамандар даярлауда оқу бағдарламасына сәйкес техникалық нұсқау карталары, плакаттар, арнайы стендтер, тапсырмалардың слайд түріндегі жинақтары, тест сұрақтары, карточкалар, құрал жабдықтар, бейне жазбалар жасалынды. [3] Өндірістік сабақты білім алушыларға қызықты әрі тиімді етіп өткізу үшін жаңа технологиялық дамуына байланысты интерактивті тақтаның көмегімен жүзеге асырылуда. Оқыту, білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану өндірістік оқыту шебері мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасты мазмұнды етеді. Электрондық оқулықтар арқылы түрлі бейнекөріністер көрсетіп, әуен мен дыбыс тындауға болатындықтан жұмыстың күрделі процесстерінен эпизодтарды компьютердің көмегімен ұғындыру ұтымды болады. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану – студенттің өз

мамандығына қызығушылығын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға да үлесін қосуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек», – деп атап көрсетілген.[4] Шебердің қызметі білім беру және білімді меңгеру процесі мен әрекет-тәсілдерін басқару болып табылатындықтан, қазіргі қоғамдық өзгерістерге байланысты және оқыту технологиясын таңдаудағы көпнұсқалық қағидаға сәйкес оқытушының өзіне, сонымен қатар білім алушыға ыңғайлы технологияны қолданып, пайдалануы – заман талабы ғана емес, ол – қажеттілік. Мұғалім сабақтағы негізгі әрекетті тұлға болғандықтан заман талабына сай ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін педагог коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, жаңа технология әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс. Демек, білім меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр өндірістік оқыту шебердің міндеті.

XXI ғасыр—жаңа технологиялар дәуірі. Біздің қоғам қысқа мерзім ішінде әлемдік деңгейде дамыған елдердің қатарына жетті. Дамыған елдердің арасында үлкен алшақтықтар пайда болды. Біздің мемлекетіміз толып жатқан қиыншылықтарды жеңе отырып, экономиканың барлық салаларын нарықтық дамудың жолдарынан өткізді. Сөйтіп, нарықты нақты игерген елге айналдық.

Мен болашаққа үлкен үмітпен қараймын. Тәуелсіздік алғалы бері еліміз өркендеп өсуде. Елбасымыз «Еліміздің болашағы – білімді жастардың еншісінде» дегеніндей жастар сапалы білім алып, келешекте мемлекетімізді дамытуға ат салысуы тиіс.

Болашақ маманды бүгінгі қоғам талабына сай дайындау мақсатында жаңа өндірістік технологияларды оқу үрдісінде жүйелі пайдалану керек. Осы орайда, өндірістік практиканың алатын орны ерекше. Білім алушылар өздерінің бейімділігін, шеберлігін, алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде ұштастырғанда ғана маманға сай шеберлікке, іскерлікке жете алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Б.Дүрманов, Ж.Жәнібеков, Б.Тобжанова. «Жылу техникалары мен жабдықтарын жөндеу және пайдалану», Оқулық. «Фолиант» баспасы. Астана – 2011 жыл
2. Вақ KZ интернет порталы
3. Скакун В.К. Введение в профессию мастера производственного обучения. Методическое пособие.-М.,1988 г.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

МАМАНДАРДЫҢ АРНАЙЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Иманбаева Сымбат Маратовна

преподаватель спецдисциплин

Костанайский индустриально-педагогический колледж

Аннотация

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту-заманның талабы.Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде.Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірбиелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарына қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады

Мақала **мақсаты**-педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің басты бағыттарын анықтау және тиімді пайлану жолдарын қарастыру.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізуін талдау;
- оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасы;
- болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы.

Зерттеу **қортындысы:** оқу орындарында болашақ мамандардың арнайы пәндердің көмегімен кәсіби құзіреттілігін қалыптасарудың сапасы қоғам сұранысына сай болуы ескеріледі.

Түйінді сөздер: басты бағыттар,кәсіби даярлау,оқу тәрбие әдістемесі,оқытушылар, зерттеушілер,арнаулы педагогикалық білім.

Еліміздегі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан жақты дамыған, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жеік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлауды көзлеп отыр.

Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғарғы оқу орындардың алдына әлеуметтік,этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды.Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар.Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын,

оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман даярлау мәселесін шешу көзделуде.

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту-заманның талабы.Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде.Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірбиелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарына қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады.Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыттар бойынша жүзеге асуда.Біріншісі, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу [3]


Екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі h-қалыптарын оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейті қажет.Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеу тиіс.Үшіншісі, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Нәтижесінде, зерттеу мәселесінің талдауы мен жалпылауны бір жағынан тәжірбие талаптарына жауап беруімен байланысты болады және екінші жағынан осындай іс-әрекеттің арнайы пәндер арқылы теориялық негізін анықтау деп қарастырамыз.[1]Сондықтан, білім алушылардың арнайы пәндері сапалы игеруі-кәсіби қалыптасуының дамуындағы маңызды процесс.Осы кезде өзін-өзі басқаруы,арнайы пәндердің инновациялық әдістерді пайдалана отырып өткізлуі-пәнді қабылдауы мен кәсіби тәжірбиесінде анықталады.

Мамандар даярлауда оқу -тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады.Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады.Білім алушының таңдаған пәні бойынша , мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі –академиялық еркіндікті басты қағидаты болып саналады.Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру,қашықтықтан оқыту тағы басқаларды тәжірбиеге ендіруге баса назар аудару қажет.Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер кәсіптік білім беретін оқу орындарының жаңашыл оқытушыларменбірлесе отырып инновациялық технологияларды енгізу арқылы студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді.

Білім беру жүйесінің жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін,педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген маман даярлануы қажет.Кәсіби құзіреттерді білім беруді ақпараттандыруға байланысты талаптарға сәйкестігі-педагогикалық оқу орындарының түлектері соңғы уақыттарда бастапқы қолдану дағдыларын игергенін көрсетәп жүр.Біліктілікті арттыру жүйесі мен түрлі серіктестіктер

жобалары жалпы алғанда қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз ету міндеттерін орындауға көңіл бөлгенімен, болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы керек.



1-ші сурет: болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежесінің дайындығын қолдауы

Осыған орай, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында әлеуметтік шындық және оларды көрсететін тенденциялар өз жұмысының аумағында білікті және кәсіби-педагогикалық мәдениетке ие мамандар даярлауда олардың меңгеруге тиісті төмедегендей кәсіби құзіреттіліктеріне тоқталамыз.

Кәсіби қалыптастырудағы болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдетумен шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ .[2].Болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуда төмендегі мәселерге: кәсіби құзіреттікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; стандартты және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік арту, кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздеу және пайлануды жүзеге асыру, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; кәсіби және жеке даму міндеттерін өз бетінше анықтау, өз бетімен білім алу, біліктілікті арттыруды саналы жоспарлау; жұмыстың технологиялық процесін оқу және сызу , сондай-ақ жол ақауларын пайдалану жоспарлары; Қазақстан Республикасының заңнамасының, нормативтік актілер мен нұсқаулықтардың талаптырын сақтау; ұсынылған жаңа білім мазмұнын және оны эмоционалды көңіл күймен қабылдау; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аудару қажет.[3]

Кәсіби білімнің қазіргі жүйесі болашақ мамандар өзінің түсінігімен ғана емес, сонымен бірге басқа да әріптестермен, басшылармен «байланыстыратын» өзіндік қасиеттерді бағалаумен де байланысты біліктілігінің рефлексивті құрамдас бөлігін иеленуді талап етеді. Аталған құрамдас бөлікті жүзеге асыру тиімділігі педагогтың ойлау, талпыныс пен талдау жасау, өзінің ұстанымын дәлелдей алуы, ақпаратты сейкесінше қабылдауы сияқты қасиеттерге ие болуымен байланысты. Нәтижесінде: оқу орындарында болашақ мамандардың

арнайы пәндердің көмегімен кәсіби құзіреттілігін қалыптсарудың сапасы қоғам сұранысына сай болуы ескеріледі.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана 2020
- 2.Назарбаев Н.А Қазақстан халқына арналған «Қазақстан-2050 стратегиясы».-Астана,2012
- 3.Тұрғынбаев Б.А «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірбие».-Алматы, 2005.

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ - БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ТАЛАБЫ

Казиева Умут Жумағалиевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

Қостанай қ.

Аннотация

Мақалада колледждегі оқу сапасын бағалау тәсілі қарастырылған. Колледждегі инновациялық процестер орта буын мамандарын даярлау сапасын қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптарды арттырады. Мұндай жүйе тек оқу процестерін ғана емес, сонымен қатар білім беру сапасының нәтижелерін де қамтиды. Бұл проблема өзекті болып табылады, өйткені кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыруға және еңбек нарығындағы сұранысқа білім алушыларды даярлау сапасы тікелей әсер етеді. Бүгінгі таңда мүдделі тараптар үшін білім беруді сапалы ететін міндеттер мен түсініктерге байланысты білім сапасын бағалау тәсілдерін таңдау үшін әртүрлі нұсқалар мен мүмкіндіктер бар.

Кілт сөздер: белсенді бағалау, сабақ мақсаттары, бағалау критерийлері, оқыту нәтижелері, ойлау дағдыларының деңгейлері, кері байланыс,

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мазмұнына маңызды өзгерістер енгізілді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталуы оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқу мақсаттарының жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және

жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының колледждегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте колледжді бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Қазіргі әлем көптеген баламалармен, алуан түрлі және қарама-қайшы ақпаратпен сипатталады. Мұндай жағдайда әр адамға бағалау іс-әрекетінің дағдылары мен құралдарын меңгеру маңызды. Себебі бақылау және талдау адамның кез-келген іс-әрекетін реттейді, адамға процестің қаншалықты сәтті жүріп жатқаны туралы ақпарат береді, орын алған қиындықтарды көрсетеді. Бұл қажет болған жағдайда әрекеттерді реттеуге мүмкіндік береді. Бақылау-бағалау қызметі - белгілі бір процестің барысы мен нәтижелерін бақылау және бағалау қызметі. Бақылау - бақыланатын қызмет объектісін эталондармен, нормалармен, критерийлермен салыстыру процесі ретінде түсіндірілсе, ал бағалау - бақылау нәтижелерінің ауызша немесе жазбаша көрінісі болып табылады.

Білім беру мекемелерінде инновациялық бағалау жүйесі ретінде тестілеу, білім сапасын бағалаудың модульдік-рейтингтік жүйелері, сапа мониторингі, оқу портфолиосы пайдаланылады.

Педагог ғалымдардың зерттеулері бойынша студенттердің нәтижелерін жақсартудың өте тиімді әдісі белсенді бағалау болып саналады. [1].

Белсенді бағалау оқуға ынталандыруға, оқытудың нәтижелілігін арттыруға, негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға, оқуда қиындықтары бар студенттерге білім беруге, педагог пен студент арасындағы оң ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал, сонымен қатар жастарды өмір бойы үйренуге және оқуға дайындайды, себебі заманауи әлемде бұл ең қажетті әрі маңызды дағдылар болып табылады.

Белсенді бағалау - білім алушылардың жетістіктерін үнемі көруге, түсінуге және оларға қуануға, қателіктерін көріп, олармен жұмыс жасауға, бағалау тәсілдерін меңгеруге, жеке оқуларын басқаруға мүмкіндік беретін оқыту стратегиясы. [1].

Белсенді бағалау оқытумен тікелей байланысты іс - әрекеттер мен әдістердің үлкен спектрін қамтиды, ең бастысы, оқытушыға өзінің рөлі мен біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, білім алу процесіндегі білім алушылардың рөлі туралы түсінігін өзгертуге көмектеседі.

Белсенді бағалаудың мәні тек білім және шығармашылық нәтижелер ғана емес, сонымен қатар оларға қол жеткізудегі жұмысы болып табылады. Белсенді бағалаудың негізі - кері байланыс жүргізу. Оқу сабағы мен жалпы білім беру процесі үшін кері байланыс өте маңызды, өйткені ол:

1) Сапалы жоспарлауды қамтамасыз етеді, себебі кері байланысты қамтитын сабақ жоспары, конспект, реферат немесе технологиялық карта оның тиімділігінің негізі болып табылады.

2) Оқу процесін бақылау үшін мүмкіндік береді, өйткені ол үшін тиісті құралдар жиынтығын қамтамасыз етеді.

3) Білім алушылардың маңызды дидактикалық дағдысына айналады, егер оқытушылар кері байланысты сабақта жиі қолданса, онда білім алушылар тиісті дағдыларды меңгереді.

4) Эмоционалды әсер етеді және балалар үшін күшті ынталандырушы фактор ретінде қызмет етеді.

5) Білім алушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастырады.

Белсенді бағалауды қолдана отырып, бақылау-бағалау қызметі сәтті жұмыс істеуі үшін оқытушы оның элементтерін шебер қолдана білуі керек.

Белсенді бағалау элементтеріне мыналар жатады:

1. Сабақ мақсаттары.
2. Мақсатқа жету критерийлері (бағалау критерийлері)
3. Негізгі сұрақ.
4. Сұрақ қою техникасы.
5. Өзін-өзі бағалау.
6. Өзара бағалау.
7. Кері байланыс.

Оқытушы сабақтың мақсаттарын анықтайды және оларды білім алушыларға түсінікті етіп тұжырымдайды. Ең бастысы – неге қол жеткізгіңіз келетінін білу. Сабақта педагог өз мүддесін, мақсатын ғана белгілемей, білім алушылардың оқудағы мақсатын ескерген жөн. Оларды оқу сабағына немесе тақырыпқа өз мақсаттарын анықтауға тарту маңызды, өйткені бұл олар үшін ынталандырушы фактор болып табылады. Әрбір білім алушының мақсатты жеке аса мәнді деп қабылдауы маңызды. Мақсатты бірлесіп талқылау олардың оқу процесін жақсы түсінуіне және оқытушыға көбірек сенім артуына ықпал етеді.

Мақсат дұрыс қойылған жағдайда студенттер не және қалай істейтіндерін біледі. Сабақтың соңында олар не үйренгендерін анықтайды.

Мақсаттармен тығыз байланысты және кері ақпаратқа түйткіл болатын белсенді бағалау элементі мақсатқа жетудің критерийлері болып табылады, олар мақсатқа қол жеткізілген-жетпегенін және қаншалықты қол жеткізілгенін анықтайды.

Оқытушыға деген сенімге және білім алушылардың тәуелсіздігіне негізделген оқу атмосферасын құру элементтерінің бірі - білім алушы өзінің қандай жұмысты орындау керектігін және педагогтің одан не күтетінін нақты білуі.

Мақсаттарға жету критерийлерін әзірлеу тестерді құруда өте пайдалы. Бұл өте маңызды, өйткені студент тестің талаптары туралы тақырыпты қайталау сабағына дейін емес, оны оқуды бастамас бұрын біледі. Осының арқасында ол өзінің жетістіктерін өз бетінше бақылай алады, не білгенін және немен жұмыс істеу керектігін анықтайды.

Білім алушылардың мақсатқа жету критерийлерін түсінуі олардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттырады. Студенттерге сабақ алдында талаптарды айту оқу процесіне ықпал етіп, оның ашықтығын қамтамасыз етеді. Ең бастысы, білім алушылар тестілердің, бақылау жұмыстарының, практикалық жұмыстардың осы критерийлер бойынша жасалатынын және бағаланатынын

біледі. Белсенді бағалауда білім алушылар қандай жетістіктерге жеткенін, қандай жаңа нәрсені білгенін байқай алады. [2].

Бағалау критерийлерін нақты анықтау оқытушыға білім мен білікті, дағдыларды немесе базалық және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін нақты тапсырмаларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Орыс психологы В.М. Снетков «Жақсы сұрақ – кең ауқымды ойланып, барлық мүмкін жауаптарын іздестіруге бағыттайтын ойландыратын сұрақ» деген тұжырым жасайды және сұрақтардың төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді: сұрақ арқылы жаңа ақпарат алуға болады, сұрақты дұрыс қою арқылы білгендерін нақтылай түсуге болады, сұрақ қою арқылы талқылау бағытын өзгертуге болады, сұрақ арқылы өзінің көзқарасын білдіруге болады, дұрыс қойылған сұрақ жауабын табуға бастама болады. [3].

Педагогтер білім алушылардың сұрақ қою қабілеттерінен олардың танымдық ойлау деңгейлерін де байқай алады. Студенттердің сабақта тақырыпқа қатысты жақсы сұрақтар қоя білуі олардың сыни ойлай білетінін көрсетеді.

Ашық сұрақ қоя білуі, ақпаратты талдау алуы, өздерінің ой-пікірлерін жай ғана айтып қана қоймай, оны дәлелдеп, сыныптастарының көзқарасын өзгертуге деген әрекеттерінің өзі білім алушылардың сабақта сыни ойлауының дамуы болып табылады.

Оқытуды қарапайымнан күрделіге қарай тереңдету үшін сұрақтарды ойлау дағдысының деңгейлеріне сәйкес сатылап жоспарлауға болады:

Бағалау – Бұдан не шығады? Сізқандай идея қосар едіңіз? Сіз қалай жобалайтын едіңіз? Сіз..... келісісіз бе?

Синтез – Сіз жаңа әдіс-тәсілді қалай ойлап шығарып, ұсынар едіңіз?

Талдау –неден тұрады? Қасиеттері қандай?сәйкес жіктеніз.

Қолдану – ...қалайүлгісі бола алады?.....қалай байланысқан?

Түсіну – жазушының ...туралы идеясын қалай түсінесіз?

Білім - Кім, не, неліктен, қашан, қалай?

Ойлау дағдыларының деңгейі – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі. [4].

Тиімді сұрақтар оқыту мен оқу процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Оқытушының сұрақты қалай беруіне байланысты топта коллаборативті оқу ортасы қалыптасады және сұрақты қою шеберлігі білім алушы мен педагог арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату арқылы студенттерге өз ойын қайта қарауға, дәлелдеуге және кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлерін Блум таксономиясы бойынша тиісінше ойлау дағдыларының деңгейіне дұрыс сәйкестендіру, мысалы бағалау критерийі «Білу» немесе «Түсіну» деңгейіне сәйкес келетінін анықтау, оқытушыға күтілетін нәтижеге бағытталған білім алушы әрекетін дұрыс таңдауға және соған сәйкес келетін тапсырманы әзірлеуге көмектеседі. [4].

Оқытушының қабылдаған шешімі объективті болу үшін тапсырмаларда қолданылатын дескрипторлар анық және нақты болуы қажет. Дескрипторлар

тапсырманы орындауда білім алушыға нақты қай жерде қиын болғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға тиімді кері байланыс беруге және қайталап оқуға арналған бағдарламалық материалдың қажетті көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Сабақтардағы дәстүрлі емес бақылау-бағалау қызметі оқытуға деген көзқарасты өзгертеді. Негізгі міндет – білім алушылардың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау. Белсенді бағалауды қолдана отырып, оқытушы білім алушыларға қандай жетістіктерге жеткенін, жаңа нәрсені үйренгенін байқауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың мақсаттарға жету критерийлерін түсінуі олардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттырады.

Оқу орнындағы білім беру үдерісі нәтижелерінің сапа критерийлері: білім алушыларды қабылдаудың нәтижелілігі, табыстылығы, олардың білім беруді жалғастыруға дайындық дәрежесі, кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі, жұмыс берушілердің сұраныстарының қанағаттануы - оқу орны мамандарды даярлау сапасын арттырудың жоспарланған мақсаттарына қатысты қол жеткізген нәтижелер. Бүгінгі таңда мүдделі тараптар үшін білім беруді сапалы ететін міндеттер мен түсініктерге байланысты білім сапасын бағалау тәсілдерін таңдау үшін әртүрлі нұсқалар мен мүмкіндіктердің кең ауқымы бар. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті деп білемін

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сергеева, С. Ю. Современные подходы и методы оценки качества образования / С. Ю. Сергеева, Е. Д. Обревко. Молодой ученый. — 2019. — № 37 (275). — С. 162-165.
2. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж
3. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.
4. Г.Б. Төреханова, Н.К. Абдрахманова. Тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту: әдістемелік ұсыным– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2016. -44 б.

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ-СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БАСТЫ ТҮЛҒА

Қарабалаева Эльвира Мирамбекқызы
өндірістік оқыту шебері
Қазалы аграрлы-техникалық колледжі
Қызылорда облысы, Қазалы қаласы

Андатпа: Автор техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогінің заманауи формуласын ұсынды.

Түйінді сөздер: Өндірістік оқыту шебері, шебер, педагог, студент.

Өндірістік оқыту шебері – студенттерді оқыту және тәрбиелеудегі басты тұлға. Оқу сабақтарында шебер студенттерге жаңа технологияларды меңгертуде, өндірістік білік пен еңбек мәдениетін қалыптастырады. Жастарды оқытатын шебердің үлгілі жұмысы, өзінің білімін және тәжірибесін үйретуі, ұнамды қасиеттерді қалыптастыруы оларға үлкен әсерін тигізеді. Педагогтың жас маман жұмысшыларды тәрбиелеудегі еңбегі адамдардың іс-қимылындағы негізгі жауапкершілік болып табылады. Сондықтанда өндірістік оқыту шеберіне көптеген талаптар қойылады:

1. Идеялық-саяси дайындығы. Қазіргі заман талабына сай маманды қалыптастыру, шебердің студенттерді тәрбиелеудегі рөлі мен жауапкершілігі жоғары болады. Оның барлық жұмысы жастарды өз Отанын сүйуге, достықты сезінуге, жолдастыққа, ұжымдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелеуге, мақсатына берілуге, еңбекке саналы қатысуға бағытталады.

Барлық іс-қимыл кезеңінде шебер бірбеткей, таза өз ісіне берілуі тиіс. Ол ғылыми және кәсіби білімін үздіксіз толықтырып отырады. Ол үшін өз бетімен оқып-үйренуі қажет.

Өз ісін терең білуі және мамандыққа сүйіспеншілігі. Шебер өз пәнін толық білмесе, өз ісіне сүйіспеншілігі болмаса, студенттер арасында беделге және сыйластыққа ие бола алмайды.

2. Шебер әртүрлі тиімді оқыту әдістерін меңгеріп пайдалануы, өз пәні жөнінде шеберлігін көрсете білуі керек. Өндірістік оқыту шебері студенттердің үлгерімін және сабақтарға қатысуын үнемі бақылап отыруы (оқу жұмыстарының орындалуы, ұқыптылығы, өз бетімен үй тапсырмаларын орындауы), студенттердің жалпы дамуын, тәртіп ережелерінің орындалуын, студенттердің қоғамдық оқиғаларға бей-жай қарамауын, міндеті мен жауапкершілігін сезінуін, тазалыққа, қарапайымдылыққа еркіндікке тәрбиелеу (шешімді болуы, батылдығы, ынталылығы, табандылығы, т.б.), студенттерді материалдық – тұрмыстық жағдайын біліп отыруы қажет. Шебер осы байқауларды есепке алады, студент істерінің жақсы және кемшелік жақтарын белгілейді, кемшіліктерінің себебін анықтап, әрбір студенттің оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жақсарту шараларын жүргізеді. Әрбір студент педагогикалық мінездеме жүргізу шеберге оқу-тәрбие процесін саралап отыруға мүмкіндік береді және жақсы жақтарын дамытуға жағдай жасайды.

3. Шебердің жалпы мәдениеті. Шебер студенттерді тек белгілі мамандыққа оқытып қана қоймайды, оларды жан-жақты болуға тәрбиелейді. Студенттер шебердің жалпы мәдениетінің деңгейі, жеке тәртіп үлгісі үлкен әсерін тигізеді. Шебердің мәдениеті, білімі, адамгершілігі жоғары болғанда ғана, оның педагогикалық мақсаты тыңғылықты орындалады. Сонымен бірге шебер өз мамандығын басқа студенттерге ынта білдіретін ғылым салаларын да білуі керек (жаңа технологиялар). Педагогтің мәдени элементтерінің бірқатарына тоқталайық: сыртқы көрінісі сөйлеу мәдениеті, педагогикалық тактісі. Педагогтің эстетикалық тәрбиелі болу керектігін А.С. Макаренко жазған болатын. Шебер адамгершілігімен және ұқыптылығымен студентке үлгі болады. Жақсы шебер өзінің кәсіби жұмысына қалай қараса, өзінің сыртқы көрінісіне де солай қарауы тиіс.

Педагогикалық такті – оқу жағдайында әртүрлі мәселелерді шешуге студенттерге педагогтік әсер етудің маңызды шарты. Шебердің педагогикалық тактісі ұстаздық шеберлігінің бір белгісі болып табылады. Педагогикалық такті, біріншіден студенттерге сыйластық білдіру және оларға талап қою, екіншіден, студенттерге көңіл бөлу, үшіншіден, студенттерге сенім арту және олардың іс-қимылын үздіксіз бақылап отыру. Студенттердің үлгірімі мен тәртібінің қорытындысын шығарып, шешім алуда асығыстықпен бағалау педагогикалық тактімен сәйкеспейді.

Әрбір шебер ұқыптылықпен келудегі педагогикалық тактіні студент жоғары бағалайды. Педагогтің тарапынан ұйымшылдық және шыдамдылық таныту студенттерге қоятын талапты төмен түсірмейді. Керісінше, тәрбиеленушілердің жіберген қателіктерімен күресуге ұстамды және шешімді болуы керек. Сонда ғана тәрбие жұмыстарының нәтижесі оң болады.

Өндірістік оқытуды жоғары әдістемелік дәрежеде өткізу үшін шебер сабаққа алдын-ала мұқият дайындалады. Жұмыстың озық әдістерін ұйымдастыруды қамтиды.

Өндірістік оқыту сабақтарының негізгі мақсаты – студенттерге теориялық сабақтардан алған білімдерін тәжірибеде бекіту, оларға «тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығын таныстырып, сол мамандықпен жұмыс істеуді үйрету. Әрбір сабақты тиімді ұйымдастыра отырып, студенттерге мамандыққа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын тәрбиелеуді көздейді.

Шебер өз пәнін жан-жақты меңгерген жағдайда ғана өз жұмысын дұрыс атқара алады. Студент үлгерімінің жақсы болуы, шебердің сабаққа дайындығына байланысты.





Шебер мен студенттің түсіністікпен жұмыс жасауы, білім беруі және қабылдауы дидактикалық үдеріс болады. Сондықтан оқытудың дидактикалық қағидаттары, яғни тәрбие, теория мен тәжірибенің байланысы, көрнекілік, оның ғылымилығы, жүйелілігі және саналылығы есепке алынғанда ғана, оқыту үдерісі тиімді болады. Оқыту кезінде шебер студенттерді еңбекке баулып, берілген құрал-жабдықтарды күтіп ұстауға, еңбек мәдениетіне үйретеді. Оқыту үрдісінде ғылымилық қағидаттармен бірге жүруі керек, яғни оқытудың мазмұны, түрі және әдісі студенттерге берген білімді игеру мүмкіндігі мен дайындық дәрежесіне сәйкес болуы керек. Студенттер алған теориялық білімдерін өндірістік оқыту кезінде қолдана алады. Олар әртүрлі тағам түрлерін жасап жұмыс істеу, игеру, сонымен бірге техника қауіпсіздігі негіздерін біліп үйренеді.

Техника қауіпсіздігі жөніндегі есеп журналы



М20-1 «Танымалдар ұйымдастыру» топ студенттерінің құрамы мен оқу мерзімі (жылдық жұмыстар) кезінде қауіпсіздік техника ережелері.

№	Оқу күні	Құрамы алушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Қаласы	Құрамы берілуші қылы	Құрамы сабаққа қатысушы қылы (Оқу мерзімі оқу мерзімі)
1	01.09.2024	Ахметов Амар Берікұлы	25.12.2004 ж.	Сүлейт		
2		Әлібай Шығай Ғабдуллин	19.01.2005 ж.	Сүлейт		
3		Бірбаев Дәурен Құрманғалиұлы	23.11.2004 ж.	Сүлейт		
4		Жетпісбаев Әлібек Құрманғалиұлы	08.10.2005 ж.	Сүлейт		
5		Жетпісбаев Аманжол Аманжолұлы	28.08.2004 ж.	Сүлейт		
6		Жұман Тұбыл Жарқали	06.10.2004 ж.	Сүлейт		
7		Жауар Дина Нұрғалиқызы	19.03.2005 ж.	Сүлейт		
8		Қабасов Аманжол Мұратұлы	09.10.2004 ж.	Сүлейт		
9		Қайыр Аманжол Қолғали	04.03.2005 ж.	Сүлейт		
10		Қарабай Шығай Берікұлы	08.03.2005 ж.	Сүлейт		
11		Мамарова Майра Мұрағалиқызы	15.05.2005 ж.	Сүлейт		
12		Мамарова Майра Мұрағалиқызы	15.05.2005 ж.	Сүлейт		
13		Жақсыбаев Аманжол		Сүлейт		
14		Өзекеев Мерей Қолғали	27.10.2005 ж.	Сүлейт		
15		Өзекеев Аманжол Жақсыбаевұлы	18.01.2005 ж.	Сүлейт		
16		Сейбі Аманжол	27.02.2005 ж.	Сүлейт		
Бастауыш білім беру мамандығы бойынша оқитын студенттермен өндірістік машықтануды қашықтықтықтан өткізу қазіргі қоғамдағы болып жатқан жағдайға байланысты өткізілді. Студенттермен машықтанудың бірінші күнінен өндірістік машықтанудың жоспарымен таныстырылып, әбір күннің жоспары және қай уақытта, тапсырма көлемі критерийі бекітілген болатын. Әрбір студентке белгілі бір сынып бекітілді. Студенттер берілген сыныпта өндірістік машықтануды қашықтықтан өтті. Кері байланыс ретін де бұлттық сақтау қоры арықылы жұмыс көлемі өте қарқынды жүргізілді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі әрине, АКТ құралдары: соның ішіндегі ең маңыздысы Платонус платформасы қолданылды. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша **WhatsApp, Telegram** мессенджерлері, қосымша онлайн бағдарламалардың оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы қашықтан оқыту мен оқудың, сондай-ақ дәстүрлі сыныптағы сабағыңыздың тиімділігін арттыра алатындыған студенттермен талдап , бағыт бағдар беріп берілді.

Студенттермен өндірістік машықтану барысындағы байланысқа шығу жолдары: WhatsApp, Skype, Zoom арқылы жүзеге асырылды. Байланыс уақытында студенттер КМЖ құрасытурда кеңес уақытында беріліп отырылды. Кері байланыс бұлттық сақтау яғни, google, яндекс диск қоры өте тиімді пайдаланылды. Пән бойынша орындалатаны тапсырманың ішінде студенттердің жеке папкасы құрастырылған. Айтып кететін болсақ студенттер өздері жүктеп, өзгерту мүмкіндіктері болды және тиімді пайналанылды. Өндірістік машықтау қашықтық түрде тиімді ұйымдастыру ең мағызды болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының қашықтықтан оқыту форматындағы сабақтарды ұйымдастыру тәртібі ескере отырып студенттермен КМЖ , презентация, бейнесабак үлгілерін, дидактикалық материалдар әзірледік. Енді әрбіріне тоқталып кетсек:

Қмж-ды жасау талаптары:

- ✓ ҰМЖ сәйкес тақырыпты анықтау.
- ✓ Әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу.
- ✓ Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану.
- ✓ Өмірмен байланыс, үштілділік, аймақтық , жергілікті компонент, ортақ тақырыппен байланысты жүзеге асыру.
- ✓ төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу.
- ✓ уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру.
- ✓ жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- ✓ сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау.
- ✓ оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау.
- ✓ Сабақты бірізді, жүйелі түрде ұйымдастыру.

Қолданған әдіс-тәсілдер:



ҚМЖ қолданылған технологиялар:

- Проблемалық оқыту технологиясы
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
- Тірек-сызбалар технологиясы
- Дамыта оқыту технологиясы
- Ақпараттық технологиялар
- Компьютерлік технология
- Мультимедиалық технология

Қосымша платформалар және онлайн оқулықтар өте тиімді пайдаланылды.



Презентацияға қойылатын талаптар:

- Соңғы парталарда отырған оқушыларға көрінетіндігіне сүйене отырып, қаріптің бірегейлігін ескердім;
- Презентацияда берілетін ақпараттың қысқа да , тиянақты;
- Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жасалатын слайдтардағы көрнекілітердің шектен көп болмауын;
- Презентацияның эстетикалық талаптарға сай болуы;
- Презентацияның мұғалім үшін бағыттаушы, көмекші құрал ретінде болуы.
- Презентация оқушыларға түсінікті , тақырып бойынша оқушыларға ақпарат беретін, тірек-сызбалар мен суреттердің қолданылуы.

Презентацияның қысқа мерзімді жоспарға сай етіп жасалуына назар

аудару

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, презентация және бейне сабақтарды әзірлеу бойынша ұсыныстар

1. Жалпы ұсыныстар:

- Ұйымдастырушылық
- МЖБС мен үлгілік бағдарламаға сәйкестігі;
- дидактикалық қағидаларды жүзеге асыру;
- ақпараттық-коммуникативтік және мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану.
- аудиовизуалды құралдар: графика, аудио, бейнематериалдар, презентациялар;
- тәрбиеленушінің кез келген уақытта көру мүмкіндігі (офлайн-режим);
- бейнежазба ұзақтығы - 5-7 минут

2. Эмоционалды фон:

- машықкердің дауысы қалыпты, жағымды, дыбысталуы қабылдауға жетерлік, анық сөйлейді, дикциясы жақсы;
- баяндауы түсінікті, еркін, жетерлік шамада эмоционалды (қатысу эффектісі) баяндау қарқыны жылдам емес;

– психологиялық әсер: айтылатын мәтіннің стилі мен дыбысталуы, жеке сөйлемдердің үйлесімділігі, эмоционалды ынта, кідіріс;

3. Презентация және бейнесабак дизайны:

- түс фоны тұрақты-түс гаммасына жақын үш түстен тұрады;
- дыбысы анық (бөгде дыбыстарсыз), дыбыстың біркелкі естілуі.

Қосымша

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	<i>Оқу материалының мақсаты мен мазмұны</i> Мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау. Дидактикалық талаптарға, мақсаттарға сәйкес келуі, құндылықты (тәрбиеленуші) және дамытушы компоненттерді қамту.	0-1
2	<i>Оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру логикасы</i> Жаңа сабақ кезеңі нақты, логикалық, аяқталған. Жаңа кезеңді ашу проблемалық байланыстар көмегімен жүзеге асырылады. Оқу қызметін ұйымдастыру	0-1
3	<i>Сабақта педагогтың тұлғалық қасиеттері</i> Мұғалімнің пәндік құзыреттілігі және жалпы эрудициясы; сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, екпін, жалпы және ерекше сөйлеу сауаттылығы); мұғалімнің жалпы мәдениеті	0-1
4	<i>Бейне сабақ сценарийінің сапасы</i> Сюжеттік желіні құру логикасы, іріктелген фрагменттердің оптималдығы, мазмұндылығы және ақпараттылығы және т. б. Бейне сабақтың жазу және монтаждаудың техникалық деңгейі	0-1
5	<i>Бейне сабаққа қоса берілетін материалдардың сапасы:</i> сабақ жоспары, өзіндік талдау, презентация	0-1

Машықтану нәтижесінде колледждің www.youtube каналында «бейне сабақтары мен бейне дәрістері »деген жерде қашықтықтан оқытуда білім алушылардың Өндірістік машықтану атты бейне сабақтар жинағы жинақталаған.

Каналға

сілтемеге

<https://www.youtube.com/playlist?list=PLYwIXE3eH8F12d2fi3zDNth60QsAmt>

Р О

Бастауыш білім беру мамандығының білім алушылардың өндірістік машықтану барысындағы қашықтықтан оқыту технологияларының оң және теріс әсерлері:

+	-
<input checked="" type="checkbox"/> Интернет кітаптар арқылы қосымша оқу мүмкіндігі <input checked="" type="checkbox"/> Интернет оқулықтардың, материалдардың қолжетімділігі <input checked="" type="checkbox"/> Индивидуальный тәсіл <input checked="" type="checkbox"/> Оқушылардың оқу деңгейі	<input checked="" type="checkbox"/> Қажетті күшті мотивация <input checked="" type="checkbox"/> Практикалық білім <input checked="" type="checkbox"/> Білім сапасы дәстүрі оқудан қарағанда төмен <input checked="" type="checkbox"/> Таңдаған әдіс-тәсілдің тиімділігін көре алмауы

Практиканың соңғы күні конференция өткізіліп студенттер жұмысына пікір айтылып, баға берілді. Студенттер қорытынды конференцияға есеп бойынша слайдтар дайындады. Студенттердің құжаттары жақсы безендірілген, әдіскерлер тексеріп, бағаларын қойды.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми- әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама). «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

ТАРИХ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Ералина Айнура Ериковна
педагогикалық өлшем магистрі
Қостанай педагогикалық колледжі КМҚК,
қоғамдық пәндер оқытушысы*

Аннотация

Бұл мақалада ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды меңгеру оқу және жазу қабілеті сияқты қасиеттермен қатар әр адам үшін қажетті шарт болғандығы атап өтіледі. Тарих мұғалімдерінің міндеті-мәдени білімді, іскер, жеке тұлғаны тәрбиелеу, халқымыздың рухын көтеру және осы мақсатқа жетудің тиімді жолдары көрсетілген.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. «Болашақтың кілті цифрлық технология мен инновацияда. Жас қазақстандықтар бүгінде бірнеше тілде еркін сөйлейді және ең озық кәсіптерді игеруде. Олар болашаққа үлкен жоспарлар жасайды. Азаматтардың

әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ете отырып, жастарымыз бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Өз Отанына қажетті және пайдалы болуға деген ұмтылыс - әр жастың мақсаты болуы керек. Тек білімді және білікті жастар ғана алға қойған мақсаттарына қол жеткізе алады. Мемлекет жастардың жаңа идеялары мен ұсыныстарына әрқашан ашық», - деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Қазіргі білім ордасы жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болуды талап етеді. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері: ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету; білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап , жүзеге асыру; оқу-тәрбие процесінде жаңа ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми-ізденушілік және оқу -әдістемелік жұмыстарын жүргізу; мектеп пәндері бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандарттарының және оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру; білім беру мекемелерінің қызметкерлері үшін программалық-техникалық құралдарды қамтамасыз ету және мультимедиялық программаларды , электрондық оқулықтарды жасақтау; педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары: қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі; жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілетін дамыту; білім мен тәрбиенің бірізділігі; жалпы компьютерлік сауаттылық; оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы (интенсификация).

Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте өзім сабақ беретін тарих сабағында оқытудың ақпараттық технологиясын тиімді қолданып келемін.

Ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультимедиялық құралдарда сабақ кезеңдерінде пайдалану кезіндегі бұл құралдардың тиімді тұстарын атап көрсетсек, олар: оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады; танымдық қабілетін қалыптастырады; этнопедагогикалық тәрбие береді; оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды; оқытушының уақытын үнемдейді; оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді; Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрамайды, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген бөлімді бөліп анықтама бөлімінен қарауға мүмкіндік алады. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беру;

Топтасып оқып үйренуге жағдай жасау;

Өздерін – өздеріне бағалату;

Іс – әрекет барысында білім алу;

Осыған орай өзім сабақтарымда осыған сәйкес «Дамыта оқыту технологиясы», «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», «Деңгейлеп оқыту», технологиясы» технологияларының элементтерін , интерактивті оқыту технологиясының әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал жасаймын. Ең алдымен әрбір сабақтың өтуіне мұғалім үшін әдістемелік көмек технологиялық карта жасаймын.

Мұғалімдердің көрсетуінше интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады , мысалы: белгілі бір материалдарды интерактивтілік тақтада орындау арқылы файлдарды белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады , бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы қолдануға болады. Оқу материалдар базасын жасау, қызметтестермен жасаған материалдарды өз сабағымда пайдалану арқылы мұғалімдер уақытын үнемдейді. Материалдарды оқып үйрену барысында интерактивтік тақтаны пайдалану білім өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді , сондықтан мұғалімдердің

дайындаған материалы оқушыларға түсініктірек болады. Сабақ кезінде тақырып мәтіні оқушыларға қызықты және дәлелді түсіндірілсе есте жақсы сақтайды. Интерактивтік тақта арқылы білім жоғары деңгейде беріліп, тағы да мұғалімдердің уақытын үнемдейді.

Өзім сабағымда «Алғашқы адамдардың тұрмыс – тіршілігі мен кәсібі, қоныстары» тақырыбында эврика – компьютерлік сабақ өткіздім. Сабақта компьютерлік оқыту технологиясы, Ұжымдық оқыту технологиясы, Сын тұрғысынан оқыту технологиясын қолданып сабақ міндеттерін нақтылау барысында технологиялық карта дайындадым. Сонымен қатар сабақ барысында білім мен білікті жинақтау мақсатында тірек – сызбаларды қолданамын. Мысалы «1916 жылғы ұлт-азаттық төңкеріліс» тақырыбында өткен сабағымда оқушыларға тақырыпты тірек-сызбалар арқылы түсіндіріліп, тапсырмалар тірек – сызба, кестелер түрінде берілді.

Тірек – сызба қолдану барысындағы ерекшеліктеріне тоқталсам

Логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.

Тез әрі жылдам тапсырманы орындай алады

Оқу материалын терең меңгереді

Көру арқылы есте сақталу қабілеті артады

Сынақ емтихандары үшін анықтамалық

Интерактивті оқытудың тиімді жақтары:

Оқушылар ақпарат алумен қатар өздерінің белгілі бір мәселені шешу жолын қисынды түсіндіріп береді.

Оқушылар ойларының тереңдігіне талпынады.

Мұғалімнің жетекшілігі арқылы білімдерін әрі қарай дамытады.

Интерактивті оқытудың түрлері:

Бүгінгі кезде мұғалім топтық оқытудың жұмыстарының көптеген түрлерін іске қосты. Көпке белгілі – «Үлкен дөңгелек», «Зырылдауық», «Аквариум», «Миға шабуыл», «Дебаттар» және т.б. Бұлардың маңыздылығы және пайдалылығы тек келесі жағдайлар жасалғанда болады: сабақ барысында бір проблема толығымен алынса, осы проблема туралы оқушыларда алғашқы түсініктері болса (сабақта айтылған немесе өмірден алынған) сонымен қатар талқыға салынған тақырып жабық және бір бағытта болуы тиіс. Сонымен қатар, оқушыларымен топтық жұмыстың ең жеңіл түрлерінен бастаған жөн («Зырылдауық», «Үлкен дөңгелек», «Аквариум»). Бұл жерде осы формалардың ең маңыздылығы бала өзінің ойын айта білуі, оның көзқарасы және бағалауы сонымен қатар топтастарының (қарсы топтың да) аргументтерін естіп, өзінің көзқарасынан бас тартып немесе күрделі өзгертіп жіберуі. Қоғамтануда бұл өте маңызды, себебі оқушы логикалық ойлаумен қатар басқаның ойын, пікірін сыйлауды үйренеді.

Топтық жұмыстың ең қарапайым түрі: «Үлкен дөңгелек».

Жұмыс 3 этаптан тұрады.

1) Топ үлкен дөңгелек түрінде өтеді. Оқытушы проблемалық сұрақтар қояды.

2) Белгіленген уақыт ішінде (10 минут шамасында) әр оқушы жеке өзі қағазға проблеманы шешу жолдарын қарастырады.

3) Әр оқушы кезекпенен өзінің ұсынысын оқып шығады. Топ үндемей тыңдап шығады (сынамай, талқыламай). Әр пунктке дауыс береді.

Біріккен шешімге кірістірілуін немесе кірістірілмеуін шешеді.

«Аквариум» диалог түрі, «қоғамның алдында» оқушылар проблеманы талқылауы тиіс. Бір топ араларынан бір оқушыны осы проблема бойынша диалогты жүргізуге сайлайды. Кейде бірнеше оқушы қатысу мүмкін. Қалған оқушылар көрермен болып отырады. Бұл ұйымдастырылған әдіс оқушыларға не береді? Ол құрбыларына сыртқы көзбен қарау, яғни оның қалай сөйлейтінін, бөтен ойға пікірге көз қарасы, өзің ой пікірін дәлелдеуі басталайын деп тұрған конфликтіні қалай басады.

Интерактивті оқытудың ең басты шарты интерактивтік тренинг оқытуда жеке қабысуы мұғалімнің белсенді әдістерін пайдалану.

Интерактивтік әдістерге: рөлдік ойындар; пікір сайыс; “Ойлан да, ойыңды айтып қал”, “Айтарыңды айтып сал” («Мозговая атака», «Мозговой штурм»); “Кейс-стади” (нақты оқу жағдаяттарын пайдалану арқылы); тренинг (психологиялық, іскерлік қарым-қатынас, тұлғаны дамыту, коммуникативтік білікті дамыту тренингі).

Сабақта мұғалім интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді. Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда, көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағымда интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады: бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескіндермен салыстыруға болмайды; тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес; слайдтарда, флипчартта кестелер жіберілсе, тез арада түзетуге болады; сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады; сабақтың өнімділігі артады; оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді

Күтілетін нәтижелер: жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру; жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту; жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру; біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену; білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру; республиканың білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру.

XIX ғасырда өмір сүрген белгілі шығыстанушы Әбубәкір Диваев былай деген екен: «Білімнің нұры себілмейінше, бірде-бір озық ел бола алмайды». Егемен Қазақстанның гүлденген өркениетті ел болуы, бүгінгі жастардың көзі ашық, білімді азамат болып жетілуіне байланысты.

Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты

ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса – оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
2. Қазақстан тарихы – әдістемелік журнал . Алматы 2006-2010ж.
3. Түсіпова А.Ж. Компьютер жаңа оқытудың технологиясы. Алматы, 2012ж.
4. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Қазақстан мектебі №6 - 2006ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жалелова Айжан Жалеловна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

ҚМҚК «Алматы автомеханика колледжі»

Алматы қаласы

Аннотация

Мақалада пән бірлестігінің әдістемелік тақырыбы аясындағы мақсаты мен міндеттері таныстырылды. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында сабақ беру үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге қысқаша шолу жасалды. Әр ұсынылған әдісті сабақтың қай тұсында қалай қолдану керектігі туралы мәлімет ұсынылды. Интерактивті әдістерге де тоқталып өтілді. Осы әдістер барысында ұсынылған тапсырмалар арқылы оқушыларды бағалайды.

Түйін сөздер: қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технологияларды қолдану, жаңа педагогикалық технология, интерактивті әдістер, бағалау жүйесі.

Әдістемелік бірлестік тақырыбы: қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технологияларды қолдану.

Мақсаты: қазақ тілі мен әдебиет пәндері бойынша оқу – тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына және мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізу;

Міндеттері: сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында әдістемелік бірлестік мүшелерінің кәсіби біліктерінің, педагогикалық іскерлікті шындау, ізденіс жұмыстарын жалғастыру;

Сабақ беру әдістемесін жетілдіру;

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

Пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстарды жоғарғы кәсіби деңгейде ұйымдастыру.



Қоғамдық пәндер бірлестігі

Қазіргі кездегі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізіге ұмтылуы.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның түрлері өте көп.

Ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлеп саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, топтық технология, кезеңдеп оқыту технологиясы, жеке пәндік педагогикалық технология, өзіндік дамыту технологиясы, дамыта оқыту технологиялары, модульдік оқыту технологиясы.

Аталған технология түрлерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және үлкен ізденіс пен шығармашылыққа баулиды.

Өз тәжірибеме сүйеніп мен қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оларды қолдану бағыттарын атап өтейін:

«Он қадам»

Оқушылардың өткен тақырыптарды қаншалықты меңгергендігін анықтау мақсатында яғни үй тапсырмасын сұрау мақсатында қолданамын. Жерге табандардың суретін ойып жабыстырып қойып оқушы әр тапсырмаға жауап берген сайын бір қадам алға басады. Оқушылар тапсырмасын қызығушылықпен орындайды.

«Серпілген сауал»

Аталған әдіс-тәсілді жаңа тақырыпты бекіту мақсатында қолданса болады. Яғни мұғалім кішкене допты алып сұрақ қою арқылы кез-келген оқушыға лақтырады. Оқушы жауап айту арқылы допты кері лақтырады. Осылайшы сауалдар жалғасады.

«Аквариумдағы балықтар»

Балық суретін параққа шығарып оны ойып артына тапсырма жазатын боламыз, оқушы қолына қармақ ұсынамыз. Оқушы қармағына ілінген тапсырмаларды орындап жауабын айтатын болады.

«Кір жаятын жіп»

Бұл әдісті оқушыларға топқа бөлу әдісі етіп ұйымдастыруға болады. Кір жіп бойына киімдердің суретін іліп оларды таңдау арқылы 4 жыл мезгіліне бөлініңіз деп ұсынуға болады немесе киімдер артына тапсырма жасыруға болады. Яғни әдісті әр мұғалім өз пәнінің мақсатына қарай сәйкестендіреді.

«Мен кіммін» ойыны

Жаңа тақырыпты ашу мақсатында қолданған тиімдірек. Яғни оқушының басына жаңа тақырыпқа байланысты термин ілінеді. Қалған оқушылар оны сипаттау мақсатында сөзді табуы керек.

«4 сурет, 1 сөз»

Жаңа тақырыпты анықтауда балалар белсенді түрде қатысады. Оқушыларға тақырыпқа қатысты суреттер беріледі. Сол суреттердің қандай мағынаны беріп тұрғандығын анықтауы керек.

«Пазл әдісі»

Оқушыларға интерактивті тақта бетіне орналасқан бірнеше суреттер ұсынылады. Мысалы: қазақ тілі пәніндегісөз таптарын сәйкестендірген кезде пайда болған пазлдың артынан жаңа тақырып шығады.

«Лото»

Сабақ барысында пәнаралық байланыс орнату мақсатында қолдануға болады. Екі топты жарыстыру мақсатында лото қағазына сандар шығарып бересіз екі топқа. Әдебиет немесе тарих пәніне байланысты жылдармен орындатуға болады. Жылдарды айтасыз қай топта бар сол топ сол жылы қандай оқиға болғанын туралы ақпарат беруі керек. Егер дұрыс жауап айтылған жағдайда сол жылдар сызылып отырады.

«Диктант»

Оқушылар жұптасады. Ойынды ағылшын, қазақ тілі, орыс тілі пәндерінен ұйымдастырған қызықты. Бір оқушы партада диктант жазады. Екіншісі, диктант сөздерін мұғалімнің үстелінде тұрған мәтінді сөзбе сөз айтып тасиды.

«Үштік одақ»

Қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі сабағында оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Оқушыларды бірнеше жұптарға бөлеміз. Бір оқушы – мәтінді оқиды, екінші оқушы - тыңдайды. Үшінші оқушы – керек

жерлерін түртіп алады. Бұл әдіс оқушының мәтінмен жұмыс жасау барысындағы шеберлігін дамытады.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер **интерактивті** деп аталады.

LearningApps.org (<https://learningapps.org/>)[4]

Интерактивті оқыту

Интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдау;

Модульдерді жылдам құру және өзгерту;

Тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді ету;

Онлайнда оқу, жаппай тегін қолдану.

WordWall.net (<https://wordwall.net/ru>)[5]

Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Liveworksheet (<https://www.liveworksheets.com/>)[6]

Бұл мұғалімдерге дәстүрлі жұмыс парақтарын немесе жаттығуларды интерактивті онлайн-автоматты таңбалау жаттығуларына айналдыруға мүмкіндік беретін құрал.

Flippity (<https://flippity.net/>)[7]

Интерфейс көмегімен сіз оқуға арналған түрлі интерактивті жаттығулар жасай аласыз. Интерфейс көмегімен оқушыларды автоматты түрде уақыт үнемдеп жұпқа, топқа бөлуге болады.

Дайындалған тапсырмалар негізінде оқушылар бағаланады. Бағалау жүйесінің тиімділігі: заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық негізде тұжырым жасауға бейімді, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру; оқушылардың білім сапасын арттыру; тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге бағытқа жеткізетін жол.

Сабақ барысында өзін-өзі бағалау немесе топтық тапсырмалар орындалу кезінде бірін-бірі бағалау жүргізіледі. Тәжірибе барысында оқушыларды бағалауда мен қолданылатын әдіс – бағдарлама арқылы бағалау парағын дайындау. Аталған бетшеде оқушы фотосы, аты – жөні бейнеленген. Әр тапсырманы орындап болғаннан кейін сіз лүпілдің суретін басу арқылы бағалай аласыз. Сабақ аяқтаған кезде кері байланыс ретінде әр оқушының астына пікіріңізді қалдырасыз. Бұл әдістің ұнаған тұсы сіз өз сабағыңызды өмірмен, күнделікті жағдаймен байланысты ұстайсыз. Яғни әлеуметтік желі арқылы таныс лүпіл, пікір қалдыру ұғымдарын сіз сабағыңызды мақсатына сәйкестендіре отырып, көрнекілік ретінде пайдаланасыз.

Білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп қана қоймай, оны қайталаумен шектелмей оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар бере отырып, өзіне және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы, 2001.
2. Мирсейітова С.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. 1998.
3. Устемиров К.У., Шаметов Н.Р., Бакиров Р.Т. Современные образовательные технологии технические системы обучения. Алматы, 2006(17).
4. <https://learningapps.org/>
5. <https://wordwall.net/ru>
6. <https://www.liveworksheets.com/>
7. <https://flippity.net/>

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САБАҚ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ ҚОЛДАНУ

Жиенбаева Самал Аскарвна

"Арқалық политехникалық колледжі" КМҚК

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы

Аннотация

Бұл мақалада оқытушының жан-жақты ізденісі, күзiреттiлiгi, маманды кәсiби даярлауда жаңа технологияларды қолдануы – бiлiм алушылардың мамандықтарына деген сүйiспеншiлiгiн арттыру, теориялық және практикалық бiлiмдерi арқылы ой-өрiстерiн кеңейту, бiлiм, бiлiк дағдыларын бойларына сiңiру мақсатында еңбек ету қажеттiгi қамтылады.

Жаңалық атаулыны жедел игеруге, маман даярлау iсiне бар күш-жiгерiн жұмсап, еңбектерiнiң жемiсiн көрiп жүрген колледжiмiздiң оқытушылары өз пәндерi бойынша үлгiлi ашық сабақтар берiп, бiлiм алушылардың танымдық қабiлеттерiн арттыруға жаңазамандық бiлiм беру үрдiсiнде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану жолдарын iздестiрiп, елеулi жұмыстар атқарып жүр. Педагогикалық инновацияны пайдалана отырып жаңа оқыту технологиялармен ұштастыру, сабақ беру барысында өзiндiк әдiс – тәсiлдерiмен ерекшеленетiн бiлiм берудiң жаңа технологияларын тиiмдi әрi ұтымды пайдаланып отыру колледж оқытушыларының басты мiндетi.

Кiлт сөздер: Бiлiм алушы, құзыреттiлiк, озық технологиялар, жаңа инновациялық оқыту технологиясы, инновациялық процесс, әдiс, форма, жанартылған педагогикалық технология.

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе әр жақты дамыған төл – мәдениетті шығармашылық, әлеуметтік білімді деген тұлға қалыптастыру. Білім алушы қабілетін жан –жақты дамытып, шығармашылығын ұштай білу үшін, ұстаз өз шығармашылық тұлға болуы тиіс.

Қазіргі білім беру жоғары технологиялық деңгейге көтерілуде. Білім алушы оқу –танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологиясын оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше.

Қазіргі уақытта, мемлекетімізде білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде еруге батыл қадамдар жасалынууда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күзиреттілігі арқылы айқындалады [1.13]. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін - өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [2.5-7] .

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі - жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі-жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

Қоғамда болып жатқан жаңа әлеуметтік - экономикалық ұсыныстар толық білім жүйесіне қатысты. Осы орайда ҚР-ның жоғары оқу орындарындағы білікті мамандар даярлаудағы кәсіби дайындық деңгейі мен қазіргі заманға лайықталынған жағдайда өздігімен ойлай және жұмыс істей алу үлкен маңызға ие. [3]

Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені

мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар педагогикалық инновация және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде “Инновация” ұғымын қарастырып оған әртүрлі анықтамалар берген. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынды.

Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: - білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты; - жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты - оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. [4]

Оқытушы - тек сабақ беруші ғана емес, сонымен қатар жаңашыл, шыншыл, іздеп, үнемі өз білімін жетілдіріп, саналы білім берудің жолдарын іздестіріп отыратын тұлға. Еліміздің дүбірлі өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан игі шаралар білім беру саласын дағдарыстан шығаратын даңғыл жол ашты. Білім беру саласында жаңаша көзқарас, жаңа қарым қатынас орнап, жаңа оқу кешендеріне көшу жаңаша ойлау қалыптасты. Осыған орай барлық буындағы оқу орындарында оқыту үрдісін жаңаша технологияландыру шешімі қойылып отыр. [5.7]

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытуды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Білім мен тәрбие әрқашан күн тәртібіндегі басты өзекті мәселе болып келгендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі бала-ертеңгі ел болашағы. Ондай болса, білім деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары шәкірттерді тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеттері екендігін ұмытпауымыз қажет.

XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті маман дайындау – Арқалық политехникалық колледж ұжымы оқытушыларының алға қойған негізгі мақсаттары. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – ТЖКБ жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру.

Әрбір күн өзгеріске толы, бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу, колледж ұжымына зор жауапкершілікті жүктейді. Бүгінгі таңда білім беру саласында мазмұнды білім тереңдету негізінде кәсіби мамандарды даярлаудағы негізгі мәселелердің бірі. Сондықтан да, болашақ маманды кәсіби даярлауда жаңа технологияларды қолдану – оқу орындарында қойылатын негізгі талаптардың бірі. Педагогикалық ұжым оқушылардың мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру, теориялық және практикалық білімдері арқылы ой-өрістерін кеңейту, білім, білік дағдыларын бойларына сіңіру мақсатында еңбек етуде.

Неміс педагогі А.Дистерверг «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының ізденуге жетелейді», - деген. Осы пікірге орай оқытушыларымыз өз пәнінен білім бере отырып, білім алушылардың қабылдауын, ойлану негізінде ізденуге өз бетімен жетуге жетелейді. Педагогикалық ұжым үнемі кәсіби біліктіліктерін ұштап, оқу-тәрбие үрдісінің сапалы жүргізілуіне мән беріп отырады. Жас ұстаздарға өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, оларды шығармашылықпен ізденіп еңбек етуге жұмылдыруда. Ұлттық педагогиканы пайдалана отырып жаңа оқыту технологиялармен ұштастыра, білім алушыларға жан- жақты өмірмен байланыстырып сабақ беруде. Оқытушыларымыздың ізденіс жұмыстары, шығармалары облыстық, республикалық газет журналдарына жарияланып жүр. Сабақ барысында өзіндік әдіс – тәсілдерімен ерекшеленетін білім берудің жаңа педагогикалық технологияларын білім алушыларды жалықтырмай, тиімді әрі ұтымды пайдаланады.

Оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет. Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай - әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдар тандап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Жаңа инновациялық технологияны қолдану барысында колледжіміздің оқытушылары өз пәндері бойынша үлгілі ашық сабақтар беріп, танымдық қабілеттерін арттыруға жаңазамандық білім беру үрдісінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану жолдарын іздестіріп, елеулі жұмыстар атқарып жүр. Мұғалімнің шығармашылық белсенділігі ең алдымен өзінің өткізген сабағынан, іс- әрекетінен көрініс табады. Сондықтан оқытушы әрқашан ұдайы ізденіп, білім үрдісінің тиімді жолдарын қарастырып, сабақ жоспарларына шығармашылық тұрғыдан қарап, жаңа технологияларды өз сабақтарында тиімді пайдалана білуі.

Қазіргі кезеңде кәсіби білім беру орнында білім алушыларға терең, сапалы білім беруде, оларды болашақ білікті маман ретінде даярлауда оқытушылардың кәсіби шеберлігін, шығармашылық қызметін дамыту, ізденіс деңгейін арттыру – әдістемелік жұмыстың басты міндеті болып табылады.

Колледжімізде озық тәжірибе тарату, жас ұстаздардың мектебін оқытушылардың имидж критерийлері мен өсуін бақылап, рейтингтік мониторинг жүргізіліп отырады. Сапалы, қызықты сабақтар, лекция-сұхбаттар, ойын түрінде өтетін сабақтарға қойылатын жаңа талаптар, инновациялық технологияларды, мультимедиялық құрал пайдалана отырып, ашық сабақтар өткізуіне әдістемелік кеңес-ұсыныстар берудің орны ерекше.

Білім алушыларға саналы білім, сапалы тәрбие беруді жүзеге асыру үшін ұжымның әрбір мүшесі колледждің, ұстаздар қауымы үнемі шығармашылық ізденісте, жаңа педагогикалық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, өздерінің кәсіби шеберлігін дамытуды кезек күттірмес мақсатым деп түсінеді, колледж ұстаздары.

Өзіндік білімін жетілдіру, ұдайы ізденісте болу-мұғалім кәсібінің бір бөлігі. Өз білімін үнемі көтеру негізінде – оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет атқару үшін мұғалім бірінші кезекте өзінің әдістемелік, саяси-экономикалық, экологиялық, психологиялық, дидактикалық білімін ұдайы толықтырып үздіксіз іздену үстінде өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отыруы керек.

Оқытушы шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі методика саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Демек сапалы, тиімді, нәтижелі ізденіс - ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы.

Оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пәндік білімнің жеткілікті түрде игерудің қамтамасыз етуге жол ашса, инновациялық әдіс-тәсіл алдыңғы орынға оқыту үрдісінде әр білім алушының жеке ойлауын қояды. Өзімнің сабақтарымда пайдаланып жүрген инновациялық оқыту әдістері берілген мәселе бойынша материалды талдау ептілігін және ассоциация іздеуді қалыптастырады. Мысалы «Кубизм», әдісін пайдалану барысында оқытушы студенттерге берілген тапсырма бойынша талдауды, өз ойын ашық және топқа жеткізуді үйретеді. Алдын ала қағаздан кубик (текше пішінді) жасап оның әрбір бетіне суреттеу, салыстыру, ассоциация (орайластыру, ойға байланыстыру), талдау, ұсыныс беру, дәлелдемеңіз «ия» немесе «жок» (аргумент) сөздерін жазады. «Де Бонның алты қалпағы», әдісінде берілген қалпақтардың біреуін таңдап және сұрақтарға жауап беруге болады Оқушылар берілген әр тапсырмаға дәлелді жауаптарымен өз білімдерін көрсетеді.

Тағы бір қолданып жүрген инновациялық әдісім «Газета», әдістің мақсаты: студенттерге белгілі тақырып бойынша өз пікірін айту, ұсыну, дәлелдеу және топпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру. Нақты жауапты қажет ететін және тақырып бойынша іскерлігін қалыптастырады. «Блум таксономиясы» білім алушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейі, оқу мақсаттарының

таксономиясы екендігін түсінген. Пирамиданың негізінде - білім, ал жоғарында - қызмет қалыптасатындығын өз сабақтары арқылы түсіндіреді.

Ең бастысы оқытушы сабақтың мақсаттын дұрыс қоя білуі қажет. Мақсат жұмыстың нәтижесін анықтайды. Білім алушы оқытушы берген білімді тек тұтынып қана қоймай өндіре білсе-біздің мақсатқа жеткенімізді көруге болады. Әр сабақты аяқтар алдында, қойған мақсатымызға қайта оралып, нәтижені сараптауды дағдыға айналдырсақ мақсаттың өлшемділігі мен нақтылығына, шынайылығына қол жеткізуге болады.

Оқытушы – білім алушыларды үйрететін адам болумен бірге өзі де үйренуші. Сондықтан ол өз пәнінің зертеушісі болуы керек. Оқытушы өз білімін ұдайы жетілдіріп отырып, жаңа білім беру әдістерін іздестіріп қаруланып отыруы қажет.

Қазіргі оқытушы әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр топтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын таңдай білуі қажет. Сонымен қатар білім алушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын таңдай білу керек. [6.3]

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде оқытушы басты рол атқаратын, ал қазіргі оқу үрдісінде білім алушы белсенділік көрсетуге тиіс. Қазіргі кезде оқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыра алатын білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі кезде білім алушылар пән оқытушыларының білімі қандай деңгейде екендігін тез байқап отырады. Сол себепті оқытушы, ұстаз деген атаққа ие болуы үшін өте көп еңбектенуі керек. [7.7]

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Тұлғаның жан-жақты жетілдірілуінде таным баспалдақтарына жетелер дағды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үрдісіне қатысар тұлға даярлау мұғалім мақсатының бастау көздері.

Қазіргі заман талабына орай ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелейміз десек, онда оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін жаңарта отырып, оқу үдерісінде тиімді пайдаланғанымыз абзал. [8.9.б]

Қорыта келгенде, кез келген маман жаңа инновациялық технологияларды қолдануға теориялық және тәжірибелік даярлықты қалыптастырып білім беру, оқыту, тәрбиелеу бағыттарын инновациялық технологиямен жетілдіре отырып, жоғарыда аталған әрбір көрсеткіштерге қол жеткізгенде ғана өз ісінің білікті маманы болатынына сенім білдіреміз.

Болашақ тұлғаның бақыты – дұрыс бағыт таңдауында. Осындай білім ордасында қызмет етіп, аймағымызда орта буынды мамандар даярлап, еліміздің дамуына үлес қосуымыз – дұрыс бағыт деп білемін. Еңбек пен шексіз ізденісті талап ететін, халық игілігі үшін қызмет жасайтын, болашаққа сенімді қадам басуға мүмкіндік беретін мамандығымызды мақтан етемін.

Пайдаланған әдiбеттер :

1. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы[13]
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж. [5-7]
3. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үдерісінде жана педагогикалық технологияларды қолдану: Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2008/
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008. Поисковые слова: жана технологиялар түрлері
5. Журнал «Қазақстан кәсіпкері» №7 (50) 2007ж (22бет)
6. Журнал «Педагогика мәселелері» №3 2014ж (38бет)
7. Журнал «Қазақстан кәсіпкері» №7 (50) 2007ж (22бет)
8. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл Ғылыми- әдістемелік журнал, №9, 2011 ж, Алматы.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Изделюева Салима Сайлаубаевна

ауыл шаруашылығы магистрі

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің

арнайы пәндер оқытушысы

Жангабылова Назгуль Даулетқызы

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің

арнайы пәндер оқытушысы

Қостанай қ., Қазақстан

Андатпа

Мақалада оқу процесінде тұлғаның қалыптасуы мен даму кезеңдері, оқытушының рөлі және оның осы процестердегі әрекеттері көрсетілген. Бүгінгі түлектерге кәсіптер нарығы қандай талаптар қоятыны және осыған байланысты қазіргі педагогтардың алдына қандай міндеттер қойылатыны талданған.

Тірек сөздер: білім беру процесі, тұлға, педагог, заманауи өндіріс, бәсекеге қабілетті маман, оқыту технологиялары, мәселелі оқыту.

Өмірдің қазіргі қарқыны және адам өмірінің барлық салаларындағы тұрақты өзгерістер стандартты емес тәсіл мен инновациялық шешімдерді қажет етеді. Тиісінше, заманауи өндірістің шындығына сәйкес келетін мамандарды даярлау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда білім берудің негізі оқу пәндері

емес, ойлау және әрекет ету тәсілдері болуы керек. Жоғары деңгейдегі дайындықты алған маманды шығарып қана қоймай, оны жаңа технологияларды әзірлеуге, белгілі бір өндірістік орта жағдайларына бейімдеуге, жаңа шешімдер қабылдауға қабілетті етуге, сонымен қатар әртүрлі функцияларды сәтті орындауға мүмкіндік беру керек. Осы басым талаптарды іске асыруға педагогикалық инновациялар ықпал етеді.

Кәсіби қалыптасу - бұл кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру процесі ғана емес, сонымен қатар сәтті және тиімді кәсіби қызмет үшін қажетті кәсіби маңызды жеке қасиеттер: бастамашылық, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану, жүзеге асырылатын қызметке сыни және бағалау қабілетімен қарау[2].

Бүгінгі таңда кәсіптік білім өзін-өзі дамытуға қабілетті мамандарды даярлау қажеттілігін сезінуде. Жаңа тенденцияларды есепке алу кәсіптік даярлау тәжірибесін білім алушының жеке басының өзін-өзі дамытуға бағытталған жекелеген элементтермен байыту әрекеттеріне әкеледі. Қазіргі қызметкерден алынған білімді көбейту талап етілмейді, кәсіби мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарас, үнемі өзін-өзі тәрбиелеу, жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру қабілеті қажет[1].

Оқыту дегеніміз-дайын білімді оқытушыдан студентке "беру" процесін емес, білім алушы мен білім беруші арасындағы кең өзара әрекеттесуді, білім алушының ғылыми білімі мен іс-әрекет тәсілдерін игеруін ұйымдастыру арқылы тұлғаны дамыту мақсатында педагогикалық процесті жүзеге асыру әдісін түсіну. Бұл студенттің сыртқы және ішкі белсенділігін ынталандыру және басқару процесі, нәтижесінде адам тәжірибесін игеру жүзеге асырылады.

Оқытуға қатысты даму деп құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланысты болса да, екі түрлі категориясы түсініледі: іс жүзінде мидың биологиялық, органикалық жетілуі, оның анатомиялық-биологиялық құрылымдары және психикалық (атап айтқанда, ақыл-ой) дамуы оның деңгейлерінің белгілі бір динамикасы ретінде, психикалық жетілудің бір түрі ретінде.

Оқыту процесінде даму, атап айтқанда ақыл-ой, алынған білімнің сипатымен және оқу процесін ұйымдастырумен анықталады.

Білім жүйеленген және дәйекті, сондай-ақ жеткілікті түрде жалпыланған болуы керек. Оқыту негізінен студенттің субъективті ұстанымы қамтамасыз етілетін диалог негізінде мәселелік түрде құрылуы керек.

Сайып келгенде, оқу процесінде тұлғаның дамуы үш фактормен қамтамасыз етіледі: білім алушылардың өз тәжірибесін жалпылауы; қарым-қатынас процесін түсіну (рефлексия), өйткені рефлексия-дамудың маңызды механизмі; жеке тұлғаның даму процесінің кезеңдерін сақтау[2].

Бүгінгі таңда білім беру және алу процесі оқу процесін құрудың технологиялық тәсілінен тыс мүмкін емес. Технологиялық принциптер мен критерийлерге сүйену: тұжырымдамалық, жүйелілік, басқарушылық, құрылымдылық, бақылану және қайталану студенттердің оқу жүктемесіне әкелетін оқу процесіне маңызды емес әрекеттерді енгізуден аулақ болу үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Қазіргі уақытта педагогикалық технология педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған мұғалімнің іс-әрекеттерінің жүйелі, өзара байланысты жүйесі ретінде алдын-ала жобаланған педагогикалық процесті іс жүзінде жүйелі және дәйекті түрде жүзеге асыру ретінде түсініледі.

Педагогикалық технология-бұл педагогикалық іс-әрекеттің сәттілігіне кепілдік беретін қатаң ғылыми жобалау және дәл айқындау. Педагогикалық процесс белгілі бір принциптер жүйесіне негізделгендіктен, педагогикалық технологияны осы принциптерді және олардың объективті өзара байланысын дәйекті жүзеге асыруға бағытталған сыртқы және ішкі әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Технологияландыру педагогикалық процестің барлық ішкі жүйелерінің біркелкі жұмыс істеуін қамтамасыз етеді: мақсат қою, мазмұны, құрылымы, басқару, оқыту құралдары мен әдістері, бақылау, бұл оқу процесін оңтайландыруды ұтымды етуге әкеледі[1].

Қазіргі шындықта мұғалім ғылыми ақпараттың тасымалдаушысы және таратушысы ғана емес, бұл студенттердің танымдық іс-әрекетін, олардың өзіндік жұмысы мен ғылыми шығармашылығын ұйымдастырушы. Оқу процесі өзінің міндеттері, қарқындылығы мен мазмұны жағынан күрделене түсті. Бұл мұғалімдердің оқу іс-әрекетінің заңдылықтарын, оқыту мен тәрбиелеудің принциптері мен әдістерін, жеке тұлғаны қалыптастыруды терең психологиялық түсінуін талап етеді.

